Results. The results showed a decrease in manure moisture content over time: control – from 67% to 54%, Baikal – from 67% to 57%, Trichodermin – from 79% to 57%, consortium 1 – from 68% to 44%, and consortium 2 – from 67% to 47%. The organic matter content increased significantly with the use of biopreparations and consortia, particularly in consortia 1 and 2, where the increase exceeded 8%. The pH values ranged from 6.1 to 7.5.

Conclusion. The concentration of nutrients (nitrogen, phosphorus, potassium) increased as composting progressed. In the control group nitrogen increased by 0.17%, phosphorus by 0.13%, potassium by 0.21%. Treatment with Baikal raised nitrogen by 0.18%, phosphorus by 0.3%. Trichodermin increased nitrogen by 0.58%, phosphorus by 0.16%, and potassium by 1.35%. The consortiums showed the most notable increases: consortium 1 - nitrogen by 0.16%, phosphorus by 0.59%, and potassium by 1%; consortium 2 - nitrogen by 0.26%, phosphorus by 0.43%, and potassium by 0.87%.

Intensive microbiological activity facilitated the transition of elements from organic form to mineral forms (NPK), enhancing soil fertility. Regular compost turning further stimulated microbiological processes and supported the accumulation of plant-available nutrients.

Keywords: manure; composting; animal waste; biopreparations; microorganisms.

Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінің Ғылым жаршысы: пәнаралық = Вестник науки Казахского агротехнического исследовательского университета имени Сакена Сейфуллина: междисциплинарный. – Астана: С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті, 2025. -№ 2/1 (126). - Р.65-73. - ISSN 2710-3757, ISSN 2079-939X

[doi.org/ 10.51452/kazatu.2025.2/1\(126\).1926](https://doi.org/10.51452/kazatu.2025.2/1(126).1926)

ӘОЖ 631.53. 01:632.9 (045)

Зерттеу мақаласы

Тұзға төзімді микроагзалардың тұқымның өсуі мен дамуына тигізетін әсері

Максутбекова Г.Т. , Науanova А.П. , Баимбетова Э.М. 

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті, Астана, Қазақстан

Корреспондент автор: Максутбекова Г.Т.: gulia_80-80@mail.ru

Бірлескен авторлар: (1: АН) nauanova@mail.ru; (2: ЭБ) inkar_sulu_1@mail.ru

Қабылданған күні: 14-04-2025 **Қабылданды:** 27-06-2025 **Жарияланды:** 05-07-2025

Түйін

Алғышарттар мен мақсат. Бұгінгі күнге дейін заманауи микробиологиялық әдістердің топырақ құнарлылығын реттеудегі рөлі, ауыл шаруашылығы дақылдарының физиологиялық-биохимиялық ерекшеліктері және өсімдік ағзасындағы зат алмасу процестерін басқару механизмдері жеткілікті түрде дәлелденген. Өсімдіктердің өнімділігін арттыруда топырактан қоректік заттардың сінірлу қарқындылығын реттеудің, яғни тамыр арқылы қоректік заттардың сінірлуін арттыру мақсатында топырақ микроагзаларының белсенделілігін арттырудың органикалық ауыл шаруашылығын дамытуда өзектілігі зор. Өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіруді жетілдіруде микробты-өсімдік жүйелерін қалыптастыру заңдылықтарын және олардың тиімділігін арттыру жолдарын зерттеу ең тиімді бағыттардың біріне жатады. Зерттеудің мақсаты Солтүстік Қазақстанның тұзды топырағы микрофлорасынан беліл алынған штамдардың дәнді дақылдардың өсуін белсендейтура қасиеттерін анықтау.

Материалдар мен әдістер. Жұмыс барысында тұзға төзімді штамдардың «Целинный 2005» арпа сұрыптың тұқымдарын зертханалық жағдайда өсіруде белсендейтура қасиеттері зерттелді. Ол үшін тұқымдар микроагзалардың күлтуралды сұзінділерімен (титрі 10^6 кл/мл) 24 сағат бойы өндеді, салыстыру мақсатында алынған бақылау штамына дистилденген су құйылды. Бөлме температурасында 7 тәулік сақталған соң тұқымның өнгіштігі накты уақытта қалыпты өскіндердің санын есептеу арқылы анықталды және тұқымның өнгіштігі мен өсу қарқындылығы формула бойынша есептелді.

Нәтижелер. Солтүстік Қазақстанның тұзға төзімді өсімдіктері ризосферасынан алынған микроагзалар 2024 жылы «БИО-КАТУ» ЖШС микроагзалар биотехнологиясы зертханасында зерттеліп, «Целиенный 2005» арпа сұрыптың тұқымдарының өсуін белсендейтура қасиеттері зерттеліп, нәтижесі келтірілді. Зерттеу барысында 6 күлтүра іріктеліп алынды.

Қорытынды. Арпаның «Целиенный 2005» сұрыпты тұқымдарының өсу параметрлеріне әсерін *in vitro* жағдайда зерттеу нәтижесінде алынған штамдардың өсіуді ынталандыру қасиеттері арпа тұқымдарының сапасына он әсер еткендігі байқалды. Тұқымды күлтуралды сұзінділермен өңдеу нәтижесінде тұқымның өнгіштігі 1,67 есе, ал өсу қарқындылығы 1,25 есеге дейін артты. Тамырларының ұзындығы 37% дейін, ал өскіндердің өсуі шамамен 9,5% артты. Жұмыстың нәтижесінде дәнді дақылдарды белсендейтуре жогары нәтиже көрсеткен *Sphingobacterium caeni* 2P, *Halomonas meridiana* 48P, *Staphylococcus pasteuri* 50P, *Flavobacterium frigidimaritis* 61P, *Sphingobacterium faecium* 70P, *Streptomyces europaeiscabiei* 85P штамдары таңдал алынды, олар тұзды топырактарды қалпына келтіру мақсатында биопрепараттар мен консорциумдар құрастыруда қолданылатын болады.

Кілт сөздер: микроагза; өсіуді белсендейтура; арпа; өнгіштік; күлтүра; штамм.

Kіріспе

Топырақтың тұздануы – әртүрлі себептерге байланысты пайда болатын табиғи процесс. Алғашқы тұздану топырақта тұздың артық жиналудын пайда болады, бұл топырақтың геологиялық ерекшеліктеріне, сондай ақ заттардың топырақ бетінде және оның қабаттарында біркелкі таралмауды да байланысты болады. Тұздану деңгейінің өзгеруіне көптеген факторлар әсер етеді, олардың ішінде топырақтың су режимінің тұрақсыздығы мен судың булану қарқындылығы маңызды орын алады. Бұл орайда температуралық жағдайлар басты рөл атқармайды. Дегенмен, климаттың ғаламдық өзгеруі бұл мәселені одан әрі шиеленістіре түседі. Халықаралық қоршаған орта және даму институты мен Дүниежүзілік ресурстар институтының деректері бойынша құрлықтың шамамен 10% тұзданған топырактар алып жатыр [1].

Топырақтың тұздануы бүгінгі күні ғаламдық өзекті мәселеле болып табылады, оның себебі ауыл шаруашылығы дақылдарын өсірумен, яғни жер бетіндегі халықты, ауыл шаруашылығы жаңуарларын азықпен қамтамасыз етумен тікелей байланысты. Осының нәтижесінде топырақтың екінші реттік тұздануы болады, ол адамның қатысуымен жүзеге асады. Осының әсерінен ауыл шаруашылығы алқаптарында тұзданған жерлердің аумағы 20% асуы мүмкін [2]. Бұл құбылыс агробиоценоздардың өнімділігіне де айтарлықтай әсер етіп, экономикалық шығындардың артуына себеп болуда. Топырақтағы тұздың артық мөлшерінің өсімдіктердің әртүрлі қасиеттеріне әсері өте құрделі. Бұл әсер топырақтың тұздану түріне, сондай-ақ өсімдіктің түріне, сұрыптың қарай өзгереді. Жалпы алғанда, тұзданудың ықпалы өсімдіктердің морфометриялық көрсеткіштеріне өзгеріс енгізіп, биохимиялық процестердің бұзылуына әкелуі мүмкін. Топырақтағы тұздың шамадан тыс концентрациясы өсімдіктерге уытты әсер етіп, азот алмасу процесін бұзады және акуыздардың ыдырау өнімдерінің жиналуды арттырады [3].

Органикалық ауыл шаруашылығын дамытудың негізгі шарттарының бірі – топырақ құнарлылығының қалпына келтіріп, өсімдіктердің табиғи өсуін қамтамасыз ететін экологиялық таза әдістерді қолдану. Осы тұрғыдан алғанда тұзға төзімді микроағзаларды қолдану – ауыл шаруашылығында инновациялық әрі экологиялық тиімді тәсіл болып табылады. Әсіресе тұзданған немесе сортаң топырақтарда өсімдіктердің өсуі мен дамуы қынга согады, ал мұндай жағдайда тұзға төзімді микроағзалар өсімдіктердің тұқымының өнуіне, тамыр жүйесінің дамуына және жалпы өнімділігінің артуына әсер етеді. Бүгінгі күні топырақ тұздылығы жағдайында абиотикалық орта факторларының өсімдіктерге теріс әсерін азайту мақсатында өсуді ынталандыратын микроағзалар кеңінен қолданылуда [4].

Тұзға төзімді микроағзалар өсімдіктердің өсуі мен дамуын қолдай отырып, осмостық кернеуге бейімделудің түрлі механизмдерін пайдаланады. Оларға азотты бекіту, фосфатты еріту, сондай ақ түрлі химиялық табиғаттағы осмопротекторларды синтездеу арқылы өсімдіктердің көректикалық заттармен қамтамасыз ету жатады. Топырақтағы тұздың жоғары концентрациясынан зардап шегетін агроэкожүйелерді фиторемидиациялау мақсатында тұзға төзімді, өсуді ынталандыратын микроағзаларды қолдану олардың зор әлеуетін көрсетеді [5, 6].

Топырақта тіршілік ететін микроағзалар өсімдіктердің өсуі мен дамуына әсерін тигізеді. Кейбір бактериялар өсімдікке биологиялық белсенді заттар тұзу арқылы ықпал етеді. Мұндай заттардың синтезделуі өсімдіктердің өсуін реттейтін ризосфералық, эпифиттік, симбиотикалық микроағзалардың маңызды қасиеттерінің бірі [7, 8].

Зерттеудің мақсаты Солтүстік Қазақстанның Ақмола облысы жағдайында ауыл шаруашылығы дақылдарының өсуін белсендіретін қасиетке ие микроағзалардың культураларын биопрепарат жасау мақсатында іріктел алған. Топырақ микроағзалары өсімдіктердің дамуына айтарлықтай ықпал етеді, ғылыми зерттеулер олардың өсімдіктердің өсуін күшетуі немесе керісінше баяулатуы мүмкін екенін көрсетеді. Тәжірибе барысында зертханалық жағдайда культуралды сүзінділердің тұқымының өнгіштігі мен өскіндердің даму ерекшеліктеріне әсері зерттелді.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу жұмысының мақсаты тұзға төзімді өсімдіктер микрофлорасынан бөліп алынған NaCl әртүрлі концентрациясында тұрақты өсуге бейім *Sphingobacterium caeni* 2P, *Erwinia psidii* 4P, *Halomonas meridiana* 48P, *Staphylococcus pasteuri* 50P, *Bacillus megaterium* 61P, *Sphingobacterium faecium* 70P, *Streptomyces europaeiscabiei* 85P, *Pseudomonas indoloxydans* 104P, *Bacillus megaterium*

106Р, *Bacillus megaterium* 113Р штамдарының культуралдық сүзінділерінің арпаның «Целинный 2005» сұрыптының өнгіштігіне әсерін анықтау болып табылады.

Зерттеу нысаны арпаның «Целинный 2005» сұрыпты. Тәжірибеде хлорлы натрийдің әртүрлі концентрациясында тұрақты өсуге бейім штамдар азотсыз сүйық Бёрка қоректік ортасында: сахароза-20 г; KH_2PO_4 -0,16 г; K_2HPO_4 -0,64 г; NaCl -0,2 г; $\text{MgSO}_4 \cdot 7\text{H}_2\text{O}$ -0,2 г; $\text{CaSO}_4 \cdot 2\text{H}_2\text{O}$ -0,05 г; $\text{Na}_2\text{MoO}_4 \cdot 2\text{H}_2\text{O}$ (0,05%)-5 мл; $\text{FeSO}_4 \cdot 7\text{H}_2\text{O}$ (0,3%)-5мл; H_2O -1000 мл; pH 7,3 үздіксіз 3 тәулік бойы температурасы 28-30 °C термостаттарда өсірілді [9-11].

МҮҚ 12036-85 стандартына сәйкес 100 данадан тұратын, ауру белгілері жоқ сау және бүтін дәндер іріктеліп алынып, төрт рет қайталанып зерттелді [12]. Дәндер құбыр суымен жуылғаннан кейін залалсыздандыру үшін 0,05% KMnO_4 ерітіндісі қолданылды. Тұқымдар микроагзалардың культуралды сүзінділерімен (титрі 10^6 кл/мл) 24 сағат бойы өнделді, ал бақылау нұсқасында культуралды сүзінді орнына дистилденген су қолданылды. Инокуляциядан кейін тұқымдар стерильді жағдайда ламинар бокста, алдын ала залалсыздандырылған, ішіне Whatman қағазы төсөлген Петри табақшаларына 100 дәннен орналастырылды. Өсу энергиясын анықтау мақсатында дәндер 48 сағатқа 28 °C температурада қалдырылды, ал өнгіштігін бағалау үшін олар бөлме температурасында 7 тәулік сақталды. Тұқымның өнгіштігі накты уақытта қалыпты өскіндердің санын есептеу арқылы анықталды. Алдымен толық өсken тұқымдар тіркеліп, тұқымның өнгіштігі төмендегі формула бойынша есептелді (1):

$$\text{Өнгіштік} = (n \div N) \times 100 \quad (1)$$

мұнда: n – өнген тұқымдар саны, N – Петри табақшаларындағы барлық тұқымдар саны.

Ал тұқымның өсу қарқындылығын анықтау үшін, яғни 3-ші күні өнген тұқымдар санын есептеу үшін келесі формула қолданылды (2):

$$\mathcal{E} = n \div N \times 100 \quad (2)$$

мұнда: n – белгілі бір кезеңде өнген тұқымдардың саны, N – Петри табақшасындағы барлық тұқымдар саны.

Нәтижелер және талқылау

Микроагзалар, мысалы азот бекітуші бактериялар *Rhizobium* және *Azotobacter* атмосфералық азотты өсімдіктерге сінімді формаға айналдырып, азотты алуға әсерін тигізеді. Соңдай-ақ микроагзалардың фосфорды, калийді және басқа да микроэлементтерді сініруге көмектесетін әсері бар. Өсімдіктердің тамырларымен симбиотикалық байланыс орнататын саңырауқұлактар суды және минералдарды, мысалы, фосфор мен мырышты жақсы сініруге көмектеседі. Ал өсімдіктер өз кезегінде саңырауқұлактарды көміртекпен қамтамасыз етеді. Микориза өсімдіктердің құрғақшылықта және ауруларға төзімділігін арттырып, топырак құрылымын жақсартады. Өсімдіктерді патогенді бактериялардан, саңырауқұлактардан және вирустардан коргайтын бактериялар бар, мысалы *Trichoderma* саңырауқұлактары және *Bacillus* бактериялары зиянды микроагзалардың дамуын тежеу арқылы өсімдіктің ауруға шалдықпауына септігін тигізеді. Микроагзалар сонымен қатар топырақ құрылымын жақсартуда маңызды роль атқарады. Топырактың суды ұстап тұру, ауа өткізгіштік қабілеттерін арттыру арқылы өсімдіктердің су мен қоректік заттарды сінірілуін арттырады. Кейбір микроагзалар фитогормондар бөліп шыгару арқылы өсімдіктердің өсуін ынталандыра алады. Бұл жас өскіндердің өсуі мен олардың қолайсыз жағдайларға төтеп беруінде маңызды болып табылады. Өсімдіктердің қоректік заттармен қамтамасыз етіліп, топырақ құнарлылығының артуында да микроагзалардың ролі ерекше, олар өсімдік қалдықтары мен органикалық заттарды ыдыратып, гумусқа айналдырады. Сонымен қатар кейбір микроагзалар өсімдіктердің корганыс реакцияларын күшейтетін заттар шыгару арқылы топырақ құрамындағы токсиндермен, құрғақшылықпен күресте де пайдалы бола алады. Топырактағы өсімдіктермен әрекеттесу арқылы микроагзалар топырактағы көміртегі айналымына да әсерін тигізеді. Бұл ауыл шаруашылығы тәжірибелерін тұрақты дамыту үшін, сонымен қатар климаттың өзгеруіне қарсы қарес мүмкін [13].


Микроағзалар табиғи экокүйелерде де, ауыл шаруашылығында да маңызды рөл атқарады, олардың қолданылуы тұрақты және өнімді ауыл шаруашылығы жүйелерін құруға ықпал етеді. Зерттеу жұмысында тұзға төзімді микроағзалар арпа тұқымның өсуі көрсеткіштеріне әсерін анықтау максатында алынды. A.M. Субботин деректеріне сәйкес арпа тұқымның өсуі мен дамуына микроағзалардың тигізетін әсері зерттеліп, тұзға төзімді штамдар таңдалап алынған болатын [14].

Солтүстік Қазақстанның Ақмола облысының Шортанды және Целиноград аудандарының сортаң топырақтарының өсімдіктерінің ризосферасынан бөлініп алынған микроағзалардың зертханалық жағдайда тұзға төзімділігі хлорлы натрийдың әр түрлі (1%, 2%, 3%, 4%, 5%, 7% және 10%) концентрациясында алдын ала өсіру арқылы зерттелді. Нәтижесінде тұзға төзімді 10 штамм алындып, бұл микроағзалардың арpanың «Целинның 2005» сұрыптың өсуі мен дамуына әсері анықталды (1-кесте).

1-кесте – Тұзға төзімді микроағзалардың арpanың «Целинның 2005» сұрыптың өсуі мен дамуына әсері

Штамм №	Өсу энергиясы, % (3 тәулік)	Өнгіштік, % (7 тәулік)	Өскіндердің ұзындығы, см	Тамырдың ұзындығы, см	Тамыршалар саны, дана
Бақылау	53,3	43,0	7,8±0,4	5,4±0,3	5,0±0,1
<i>Sphingobacterium caeni</i> 2P	56,5	56,5	10,0±0,4	7,7±0,5	6,0±0,3
<i>Erwinia psidii</i> 4P	55,0	55,0	8,4±0,5	9,4±0,7	6,0±0,2
<i>Halomonas meridiana</i> 48P	58,3	68,0	10,2±0,7	7,2±0,3	6,0±0,1
<i>Staphylococcus pasteuri</i> 50P	66,5	70,0	10,5±0,1	6,5±0,2	6,0±0,3
<i>Flavobacterium frigidimarvis</i> 61P	66,5	72,0	10,9±0,3	9,5±0,1	6,0±0,2
<i>Sphingobacterium faecium</i> 70P	56,6	65,0	10,5±0,2	10,2±0,3	5,0±0,1
<i>Streptomyces europaeiscabiei</i> 85P	54,3	55,0	9,2±0,7	10,1±0,3	5,0±0,2
<i>Pseudomonas indoloxydans</i> 104P	55,0	46,0	7,8±0,1	8,7±0,3	5,0±0,1
<i>Bacillus megaterium</i> 106P	55,0	45,0	8,2±0,4	9,1±0,5	5,0±0,1
<i>Bacillus megaterium</i> 113P	54,6	56,0	7,2±0,3	6,2±0,7	5,0±0,2

Кестеге сәйкес бағыттаған штамдардың ішінде *Sphingobacterium caeni* 2P, *Halomonas meridiana* 48P, *Staphylococcus pasteuri* 50P, *Flavobacterium frigidimarvis* 61P, *Sphingobacterium faecium* 70P бактериялардың өсу қарқындылығы жоғары болғаны байқалды. Атап айтқанда 3 тәуліктे бақылау нұсқасында өсу қарқындылығы 53,3% құраса, *Staphylococcus pasteuri* 50P, *Flavobacterium frigidimarvis* 61P штамдарында (66,5 %) 1,25 есеге, *Halomonas meridiana* 48P штамында (58,3%) 1,09 есе, *Sphingobacterium caeni* 2P (56,5%) және *Sphingobacterium faecium* 70P (56,6%) штамдарында бақылаумен салыстырғанда 1,06 есеге дейін артты. Арpanың өнгіштігі жалпы алғанда 43,0% және 72,0% аралығында болды. Бақылау штамымен салыстырғанда ең жоғары өнгіштік көрсеткен *Flavobacterium frigidimarvis* 61P штамында 1,67 есе дейін артқаны байқалды (1-сурет).



1-сурет – Микроағзалардың *in vitro* жағдайында арпа тұқымының өсуі мен дамуына әсері

Зерттеуге алынған *Sphingobacterium caeni* 2P, *Halomonas meridiana* 48P, *Staphylococcus pasteuri* 50P, *Bacillus megaterium* 61P, *Sphingobacterium faecium* 70P штамдардың әсерінен арпа өскіндегің ұзындығы бақылаумен салыстырганда шамамен 9,5% дейін артса, ал *Sphingobacterium faecium* 70P, *Streptomyces europaeiscabiei* 85P, *Bacillus megaterium* 106P штамдары әсерінен тамырының ұзындығы 37% дейін артқаны байқалды. Тамыршалар саны бойынша да бұл штамдардың басымдық көрсеткені байқалады. Өсімдіктің тамыршасы бақылауға қарағанда 1 данаға артық болды. Бұл өсімдіктердің өсуіне және дамуына әсер ететін микроағзалардың метаболиттерінің әсер етуін көрсетеді. Микроағзалардан бөлінетін кейбір негізгі метаболиттер: цитокинидер, ауксиндер, гибереллиндер, салицил қышқылы және каротиноидтар. Цитокинидер тамыршалар санының артуына және өсімдіктердің дамуына ықпал етсе, ауксиндер тамырлардың ұзындығына және олардың санын арттыруға көмектеседі. Гибереллиндер өсімдіктердің өсуін тездететін гормондар болып табылады, олар жасушалардың ұзаруына әсер етіп, тамырдың дамуына ықпал етеді. Салицил қышқылы өсімдіктің стреске қарсы қорғанысын қүштейтіп, тамыр жүйесінің дамуына оң әсер етуі мүмкін. Осы метаболиттер микроағзалардан бөлініп, өсімдіктердің физиологиялық процестеріне әсер етіп, тамыр жүйесінің дамуына және қоректік заттарды тиімді сініруге ықпал етеді.

Тұзды ортаға төзімді микроағза штамдарымен арпа тұқымын өндөу арқылы зерттелген штамдардың басым бөлігі дақылдың морфометриялық көрсеткіштеріне, соның ішінде өскін мен тамырдың өсуіне және тамырша санына әсер еткенін көрсетті.

Қорытынды

Тұқым материалдарының сапасы ауыл шаруашылығы өнімдерінің өнімділігіне тікелей әсер етеді. Өсу энергиясы мен тұқымның өнгіштігінің көрсеткіштері – бұл тұқымның жоғары сапасын қамтамасыз ету үшін маңызды факторлар. Өсу энергиясы жоғары тұқымдар дұрыс және толық өскіндер береді, бұл өсімдіктердің жақсы өсуі мен дамуын қамтамасыз етеді. Мұндай тұқымдар әсіресе сыртқы жағдайлардың қолайсыздығына қарсы оң нәтиже көрсетеді, себебі олар арамшөптермен бәсекеге түссе алады және қоршаған орта әсерлеріне төзімділіктері жоғары болады. Ал өнімділік көрсеткіші төмен болған жағдайда тұқымдар толыққанды өскіндер

бермейді, бұл егістің өнімділігіне теріс әсерін тигізеді. Өнімділікті арттыру үшін тұқымдардың өнгіштік қабілетінің де маңызы зор. Тамырлардың саны, ұзындығы мен массасы да тұқымның өсу мен дамуының көрсеткіштеріне жатады.

Зерттеу нәтижелері бойынша таңдалған штамдар арпандың «Целинный 2005» сұрыптының өсуі мен дамуына әртүрлі әсер ететіні анықталды. Оның ішінде көрсеткіштер бойынша елеулі оң әсерін көрсеткен *Sphingobacterium caeni* 2P, *Halomonas meridiana* 48P, *Staphylococcus pasteuri* 50P, *Flavobacterium frigidimarvis* 61P, *Sphingobacterium faecium* 70P, *Streptomyces europaeiscabiei* 85P штамдары келешекте биопрепарат жасау мақсатында таңдалған алынды.

Топырақ микроагзалары көптеген әртүрлі биологиялық белсенді заттарды, соның ішінде гибберелиндер, цитокининдер және микробтық фитогормондарды синтездеуге қабілетті. Мұндай заттарды өндіретін бактериялар өсімдіктердің морфофизиологиялық және биохимиялық көрсеткіштеріне әсер етуі мүмкін екенін күттеге болады, оның ішінде фотосинтез жүйесін белсендіру және каротиноидтар, азометин, диенди конъюгаттар өндірісінің артуы арқылы корғаныс функцияларын күштейту. Біз таңдаған бактерия штамдары өсімдіктердегі осы заттардың концентрациясына әсер етуі мүмкін.

Зерттеліп отырған микроагзалардың күлтүралды ерітіндісімен арпа тұқымын өндеу оның өнуіне және сортанданған топырақта дақыл көштеттерінің ұзындығының өсуіне оң әсер ететіні анықталды. Жоғарыда айтылған мәліметтердің қорытындылай келе, еліміздің солтустік аймағында тұзға төзімді микроагзалар негізінде дайындалған биопрепараттарды аймақтың негізгі дақылдардың бірі – арпанды өсіру кезінде қолданудың тиімділігін зерттеу өзекті екендігі анықталды. Бұл сонымен қатар ауылшаруашылық айналымынан шыққан тұзданған жерлерді қалпына келтіру, олардың құнарлығын қалпына келтіру және қоршаған ортандың экологиялық жағдайын жақсарту үшін қажет. Осылайша, тұзға төзімді микроагзаларды органикалық егіншілік жүйесіне енгізу – топырақтың тұздануына байланысты туындастырылған өнімділік мәселелерін экологиялық тұргыда тиімді шешуге мүмкіндік береді. Келесі зерттеу жұмыстарында тұзға төзімді өсімдіктер ризосферасының микрофлорасынан бөліп алынған штамдар тұзды топырақтарды биоремедиациялау мақсатында қолданылатын биопрепараттар әзірлеуге ұсынылатын болады.

Авторлардың қосқан ұлесі

ГМ, АН, ЭБ: зерттеуді жүргізді және рәсімдеді, әдеби дереккөздерді іздеді, жиналған деректерді талдады, қолжазба дайындағы. АН: қолжазбаны түпкілікті редакциялау жүргізді. Барлық авторлар қолжазбаның соңғы редакциясын оқыды және мақұлдады.

Қаржыландыру туралы ақпарат

Мақала Қазақстан Республикасы Жоғары Білім және Фылым министрлігінің 2024-2026 жылдарға арналған ЖТН BR24992961 «Топырақтың құнарлылығы мен дақылдардың өнімділігін арттыру үшін биожүйелерді органикалық минералды тыңайтқыштарға қолдана отырып көмір қалдықтарын өндеудің жаңа технологияларын әзірлеу» мақсатты қаржыландыру бағдарламасы аясында шыгарылды.

Әдебиеттер тізімі

1 Исанова, ГТ, Абдулвали, Ц, Мамутов, ЖУ, Калдыбаев, АА, Сапаров, ГА, Базарбаева, ТА. (2017). Засоленные почвы и определение провинции соленакопления на территории Казахстана. *Аридные экосистемы*, 4(73), 35-43.

2 Панкова, ЕИ, Конюшкова, МВ, Горохова, ИН. (2017). О проблеме оценки засоленности почв и методике крупномасштабного цифрового картографирования засоленных почв. *Экосистемы: Экология и динамика*, 1(1), 26-54.

3 Ashraf, M., Nyla, N., McNeilly, T. (2001). Comparative salt tolerance of amphidiploid and diploid *Brassica* species. *Plant Science*, 160(4), 683-689. DOI:10.1016/S01689452(00)00449-0.

4 Guo, J., Shan, Ch., Zhang, Y., Wang, X., Tian, H., Han, G., Zhang, Y., Wang, B. (2022). Mechanisms of Salt Tolerance and Molecular Breeding of Salt-Tolerant Ornamental Plants. *Frontiers in Plant Science*, 13. DOI: 10.3389/fpls.2022.854116.

- 5 Caverzan, A., Casassola, A., Brammer, SP. (2016). Reactive oxygen species and antioxidant enzymes involved in plant tolerance to stress. *Abiotic and Biotic Stress in Plants - Recent Advances and Future Perspectives*, 463-480. DOI: 10.5772/61368.
- 6 Zhao, C., Zhang, H., Song, C., Zhu, J.-K., Shabala, S. (2020). Mechanisms of plant responses and adaptation to soil salinity. *Innovation*, 1, 100017. DOI: 10.1016/j.xinn.2020.100017.
- 7 Nobile, M., Contin, M., Mondini, C., Brookes, BC. (2001). Soil microbial biomass is trigger into activity by trace amounts of substrate. *Soil Biology and Biochemistry*, 33(9), 1163-1170. DOI: 10.1016/S0038-0717(01)00020-76.
- 8 Teslya, A., Galaktionova, LV, Tretyakov, NY, Dyachkov, SM, Vasilchenko, AS. (2022). Impact of agricultural land use on distribution of microbial biomass and activity within soil aggregates. *Soil Use and Management*, 39(1). DOI: 10.1111/sum.12844.
- 9 Халилов, ИМ, Кадырова, ГХ, Шакиров, ЗС. (2019). Изучение ростостимулирующих свойств местных штаммов *Bacillus thuringiensis* на различных питательных средах. *ДАН РУЗ*, 4, 64-67.
- 10 Ившина, И. (2014). Большой практикум «Микробиология», Проспект науки, 112.
- 11 Stell, M., Suhaimi, M. (2010). Selection of suitable growth medium for free-living diazotrophs isolated from compost. *J. Trop. Agric. and Fd. Sc.*, 38(2), 211-219.
- 12 Межгосударственный стандарт. ГОСТ 12036-85 (2011). Семена сельскохозяйственных культур. Правила приемки и методы отбора проб.
- 13 Ступина, ЛА. (2020). Влияние препаратов, фиксирующих бактерий на морфогенетические показатели ярового ячменя. *Вестник Алтайского государственного аграрного университета*, 1(183), 47-54.
- 14 Субботин, АМ, Нарушко, МВ, Боме, НА, Петров, СА, Мальчевский, ВА, Габдуллин, МА. (2016). Влияние микроорганизмов из многолетнemerзлых пород на морфофизиологические показатели яровой пшеницы. *Вавиловский журнал генетики и селекции*, 20(5), 666-672. DOI: 10.18699/VJ16.119.

References

- 1 Isanova, GT, Abuduvajli, C., Mamutov, ZHU, Kaldybaev, AA, Saparov, GA, Bazarbaeva, TA. (2017). Zasolennye pochvy i opredelenie provincii solenakopleniya na territorii Kazahstana. *Aridnye ekosistemy*, 4(73), 35-43. [in Russ].
- 2 Pankova, EI, Konyushkova, MV, Gorohova, IN. (2017). O probleme ocenki zasolennosti pochv i metodike krupnomasshtabnogo cifrovogo kartografirovaniya zasolennyh pochv. *Ekosistemy: Ekologiya i dinamika*, 1(1), 26-54. [in Russ].
- 3 Ashraf, M., Nyla, N., McNeilly, T. (2001). Comparative salt tolerance of amphidiploid and diploid *Brassica* species. *Plant Science*, 160(4), 683-689. DOI: 10.1016/S01689452(00)00449-0.
- 4 Guo, J., Shan, Ch., Zhang, Y., Wang, Xi., Tian, H., Han, G., Zhang, Y., Wang, B. (2022). Mechanisms of Salt Tolerance and Molecular Breeding of Salt-Tolerant Ornamental Plants. *Frontiers in Plant Science*, 13. DOI: 10.3389/fpls.2022.854116.
- 5 Caverzan, A., Casassola, A., Brammer, SP. (2016). Reactive oxygen species and antioxidant enzymes involved in plant tolerance to stress. *Abiotic and Biotic Stress in Plants - Recent Advances and Future Perspectives*, 463-480. DOI: 10.5772/61368.
- 6 Zhao, C., Zhang, H., Song, C., Zhu, J.-K., Shabala, S. (2020). Mechanisms of plant responses and adaptation to soil salinity. *Innovation*, 1, 100017. DOI: 10.1016/j.xinn.2020.100017.
- 7 Nobile, M., Contin, M., Mondini, C., Brookes, BC. (2001). Soil microbial biomass is trigger into activity by trace amounts of substrate. *Soil Biology and Biochemistry*, 33(9), 1163-1170. DOI: 10.1016/S0038-0717(01)00020-76.
- 8 Teslya, A., Galaktionova, LV, Tretyakov, NY, Dyachkov, SM, Vasilchenko, AS. (2022). Impact of agricultural land use on distribution of microbial biomass and activity within soil aggregates. *Soil Use and Management*, 39(1). DOI: 10.1111/sum.12844. [in Russ].
- 9 Halilov, IM, Kadyrova, GH, SHakirov, ZS. (2019). Izuchenie rostostimuliruyushchih svojstv mestnyh shtammov *Bacillus thuringiensis* na razlichnyh pitatel'nyh sredah. *DAN Ruz*, 4, 64-67. [in Russ].
- 10 Ivshina, I. (2014). *Bol'shoy praktikum «Mikrobiologiya»*. Проспект науки, 112. [in Russ].

- 11 Stell, M., Suhaimi, M. (2010). Selection of suitable growth medium for free-living diazotrophs isolated from compost. *J. Trop. Agric. and Fd. Sc.*, 38(2), 211-219.
- 12 Mezhgosudarstvennyi standart. GOST 12036-85 (2011). Semena sel'skohozyajstvennyh kul'tur. Pravila priemki i metody otbora prob.
- 13 Stupina, LA. (2020). Vliyanie preparatov azotifikiruyushchih bakterij na morfogeneticheskie pokazateli yarovogo yachmenya. *Vestnik Altaiskogo gosudarstvennogo agrarnogo universiteta*, 1 (183), 47-54. [in Russ].
- 14 Subbotin, AM, Narushko, MV, Bome, NA, Petrov, SA, Mal'chevskii, VA, Gabdullin, MA. (2016). Vliyanie mikroorganizmov iz mnogoletnemerzlyh porod na morfofiziologicheskie pokazateli yarovoij pshenicy. *Vavilovskii zhurnal genetiki i selekcii*, 20(5), 666-672. DOI 10.18699/VJ16.119. [in Russ].

Влияние солеустойчивых микроорганизмов на рост и развитие семян

Максутбекова Г.Т., Науанова А.П., Баимбетова Э.М.

Аннотация

Предпосылки и цель. До настоящего времени роль современных микробиологических методов в регулировании плодородия почвы, физиолого-биохимические особенности сельскохозяйственных культур и механизмы управления процессами обмена веществ в растительном организме были достаточно доказаны. Важность регулирования интенсивности поглощения питательных веществ из почвы, а именно повышения усвоения питательных веществ через корневую систему путём увеличения активности почвенных микроорганизмов, является актуальной задачей в развитии органического сельского хозяйства. Одним из наиболее перспективных направлений совершенствования производства продукции растениеводства является исследование закономерностей формирования микробно-растительных систем и путей повышения их эффективности.

Цель исследования – определить свойства штаммов, выделенных из микрофлоры засоленных почв Северного Казахстана, по активизации роста зерновых культур.

Материалы и методы. В ходе работы изучались активизирующие свойства солеустойчивых штаммов при лабораторном выращивании семян ячменя сорта «Целинный 2005». Для этого семена обрабатывали культуральными фильтратами микроорганизмов (титр 10^6 кл/мл) в течение 24 часов, контрольный образец замачивался в дистиллированной воде. Всхожесть семян определялась путём подсчёта нормальных проростков через 7 суток после прорацивания при комнатной температуре, а также рассчитывались показатели всхожести и интенсивности роста по формуле.

Результаты. Микроорганизмы, выделенные из ризосферы солеустойчивых растений Северного Казахстана, были исследованы в 2024 году в лаборатории биотехнологии микроорганизмов ТОО «БИО-КАТУ». Оценивалось их влияние на прорастание семян ячменя сорта «Целинный 2005», в результате чего были отобраны 6 культур.

Заключение. Исследование влияния выделенных штаммов на параметры роста семян ячменя сорта «Целинный 2005» в условиях *in vitro* показало, что они оказывают положительное влияние на качество семян. Обработка семян культуральными фильтратами привела к увеличению всхожести в 1,67 раза, интенсивность роста повысилась в 1,25 раза. Длина корней увеличилась до 37%, а рост проростков – примерно на 9,5%.

По итогам работы были отобраны штаммы *Sphingobacterium caeni* 2P, *Halomonas meridiana* 48P, *Staphylococcus pasteuri* 50P, *Flavobacterium frigidimarvis* 61P, *Sphingobacterium faecium* 70P, *Streptomyces europeiscabiei* 85P, которые в дальнейшем будут использоваться при создании биопрепаратов и консорциумов для восстановления засоленных почв.

Ключевые слова: микроорганизм; стимуляция роста; ячмень; всхожесть; культура; штамм.

Effect of salt-tolerant microorganisms on the growth and development of seeds

Gulzhanat T. Maxutbekova, Ainash P. Nauanova, Elmira M. Baimbetova

Abstract

Background and Aim. The role of modern microbiological methods in regulating soil fertility, understanding the physiological and biochemical characteristics of agricultural crops, and managing metabolic processes in plant organisms has been well-established to date. The importance of regulating the intensity of nutrient absorption from the soil, specifically by enhancing nutrient absorption through the root system by increasing the activity of soil microorganisms, is a relevant task in the development of organic agriculture.

The aim of this study is to evaluate the growth-promoting properties of strains isolated from the microflora of saline soils in Northern Kazakhstan for stimulating cereal crop growth.

Materials and Methods. The study investigated the growth-stimulating properties of salt-tolerant strains under laboratory conditions using Tselinny 2005 barley seeds. For this, the seeds were treated with microbial culture filtrates (titer 100 CFU/mL) for 24 hours, while the control sample was soaked in distilled water. Seed germination was assessed by counting the normal seedlings seven days after germination at room temperature. Additionally, germination and growth intensity rates were calculated using a specific formula.

Results. The microorganisms isolated from the rhizosphere of salt-tolerant plants of Northern Kazakhstan were studied in 2024 at the Microorganism Biotechnology Laboratory of ‘BIO-KATU’ LLP. Their impact on the germination of barley seeds of the “Tselinnyi 2005” variety was evaluated, leading to the selection of six strains.

Conclusion. The study of the effect of the isolated strains on the growth parameters of barley seeds of the “Tselinnyi 2005” variety under in vitro conditions showed that they have a positive impact on seed quality. Treatment of the seeds with cultural filtrates resulted in a 1.67-fold increase in germination, while the growth intensity increased by 1.25 times. The root length increased by up to 37%, and the seedling growth was enhanced by approximately 9.5%.

As a result of the study, the strains *Sphingobacterium caeni* 2P, *Halomonas meridiana* 48P, *Staphylococcus pasteurii* 50P, *Flavobacterium frigidimarvis* 61P, *Sphingobacterium faecium* 70P, and *Streptomyces europaeiscabiei* 85P were selected, which will be further used in the development of biopreparations and consortia for the restoration of saline soils.

Keywords: microorganism; growth stimulation; barley; germination; culture; strain.

Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінің Ғылым жаршысы: пәнарлыш = Вестник науки Казахского агротехнического исследовательского университета имени Сакена Сейфуллина: междисциплинарный. – Астана: С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті, 2025. -№ 2/1 (126). - Р.74-86. - ISSN 2710-3757, ISSN 2079-939X

doi.org/ 10.51452/kazatu.2025.2/1(126).1946

ӘОЖ 633.11:635.07:631.147

Зерттеу мақаласы

Органикалық егістік алқабында бидай дақылының тұраалық будан үлгілерінің потенциалды өнімділігі

Кожахметов К. , Бастаубаева Ш.О. , Слямова Н.Д. , Жакатаева А.Н. ,
Бекбатыров М.Б. , Жолдасбайұлы Ж. 

Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты,
Алматы, Қазақстан

Корреспондент автор: Кожахметов К.: kkenebay@bk.ru;

Бірлескен авторлар: (1: ШБ). sh.bastaubaeva@mail.ru; (2: НС) n.slyamova@mail.ru; (3: АЖ)
a.jan1990@mail.ru; (4: МБ) bekbatyrov1959@mail.ru; (5: ЖЖ) zhan9-3@mail.ru

Қабылданған күні: 16-04-2025 **Қабылданды:** 10-06-2025 **Жарияланды:** 05-07-2025

Түйін

Алғышарттар мен мақсат. Органикалық ауыл шаруашылығы қазіргі таңда экологиялық таза өнім өндірудің басты бағыттарының бірі болып табылады. Осыған орай, органикалық егістік алқабында бидай дақылының өнімділігін арттыру мәселесі маңызды. Бидай дақылының жабайы туыстарымен будандастыру арқылы алынған синтетикалық тұраалық будан үлгілері органикалық жағдайда жоғары өнімділікке және ауруларға тәзімділікке ие болуы мүмкін. Осы зерттеудің негізгі мақсаты – органикалық егістік алқабында тұраалық будан үлгілерінің потенциалды өнімділігін анықтау. Органикалық егістік алқабында бидай дақылының жабайы туыстарымен будандастыру арқылы алынған синтетикалық тұраалық будан үлгілерінің потенциалды өнімділігін анықтау. Сонымен қатар, бұл үлгілердің органикалық жағдайда бейімделу қабілетін, өнім сапасын және ауруларға тәзімділік деңгейін бағалау.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу жұмыстары Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының органикалық егістік алаңында жүргізілді. Зерттеу объектісі ретінде мәдени бидай (*Triticum aestivum*) және оның жабайы туыстарымен (*Aegilops cylindrica*, *Aegilops triaristata*, *Triticum timopheevii*, *T. militinae*, *T. kiharae*) будандастыру арқылы алынған синтетикалық будан үлгілері таңдалып алынды. Будан үлгілері әртүрлі қатар аралықтарында себіліп, олардың вегетациялық кезеңі, ауруларға тәзімділігі, өнім жинау элементтері, дәннің технологиялық сапасы (акуыз, клейковина, крахмал мөлшері) зерттелді. Зерттеу нәтижелері Б.А. Доспеховтың статистикалық әдістері бойынша талданды.

Нәтижелер. Синтетикалық будан үлгілерінің өсімдіктері вегетация кезеңінде тәзімділік деңгейі жоғары болып, ауруларға қарсы тұрақтылықты көрсетті. Сонымен қатар, будан үлгілерінің дән сапасы жоғары көрсеткіштермен сипатталды, бұл оларды әрі қарай селекцияда тиімді бастапқы материал ретінде қолдануға мүмкіндік береді. Жинақталған деректер жаңа будан үлгілерінің органикалық егістік жағдайында тұрақты өнім беретіндігін дәлелдеді.

Қорытынды. Органикалық егістік алқабында бидай дақылының тұраалық будан үлгілерін пайдалану ауыл шаруашылығында экологиялық таза және тұрақты өнім өндіруге жол ашатыны анықтады. Алынған синтетикалық будан үлгілері жоғары өнімділік пен ауруларға тәзімділік қасиеттеріне ие болып, оларды селекция жұмыстарында әрі қарай пайдалану тиімділігі дәлелденді. Бұл зерттеу органикалық ауыл шаруашылығы саласындағы бидай дақылы селекциясын жетілдіруге және жаңа, жоғары сапалы сорттар шығаруға негіз болады.

Кілт сөздер: жабайы туыстар будандастыру; синтетикалық генотипті сорттар; үлгілер.

Kіріспе

Остандық биологияғының, оның ішінде генетика, селекция, физиология және цитогенетика салаларының жетістіктерін ескере отырып, топырақ ресурстары мен ауыспалы егістік потенциалын тиімді пайдалану негізінде бидай дақылдарының жаңа сорттарын шығару және оларды өндірісте енгізу қазіргі ауыл шаруашылығы үшін өзекті және маңызды міндет болып табылады. Бидай дақылдарының жабайы туыстары мен түрлері – *Aegilops*, *Agropyron*, *Secale*, *Triticum timopheevii*, *T. militinae*, *T. kiharae*, *T. dicoccum* – геномдарының күрүлымы абиотикалық және биотикалық стресс факторларына төзімділік қасиеттеріне мол бай, бұл оларды генетикалық донор ретінде пайдалануға тиімді етеді [1, 2].

Жабайы өсімдіктердің геном құрамында селекцияға қажетті өте құнды белгілер мен қасиеттер табиғи түрде жақсы сақталған. Сондықтан да, қашық туыстар үлгілері мәдени бидай селекциясы үшін бірден-бір тиімді әдіс есебінде пайдалану, келешегі бар зерттеулер сериясына жатады [3, 4].

Өндірісте егіліп жатқан аудандастырылған сорттардың көптеген кемшіліктері бар. Олар ауқымды қөлемде коңыр, сары, қарақүйе, септориоз ауруларымен ауырады. Ақуыз құрамындағы пайдалы қосылыштар да төменгі дәрежеде сақталған, сондықтан өндірістің талаптарына жауап берे алмай келеді. Мұның басты себебі шаруашылықта егіліп жатқан сорттар (барлығы) түршілік будандастыру (*T.aestivum* × *T.aestivum*) арқылы алынған өсімдіктер. Түрлі ауруларға төзімді, ыстыққа, сұзыққа шыдамды тағы басқада бағалы белгілері мен қасиеттері бар ген құрамы бидайдың осы түрінде (*T.aestivum*) азайған. Сондықтан да, бидай дақылдарының классикалық (будандастыру, сұрыптау) әдістерімен қатар цитогенетикалық ізденістерді селекцияға енгізіп, пайдалы генкөздері мен донорлық қасиеттері бар туыс түрлерді пайдалануға тиімді екендігі *P.O. Даваян* және т.б., *K.K. Кожахметов*тың ғылыми еңбектерінде көрсетілген [5, 6].

Сонымен қатар, синтетикалық және туысаралық будан үлгілеріне скрининг жүргізу нәтижесінде таза өнім алуға болатындығы *K.K. Кожахметов* және т.б. ғылыми еңбектерінде кездеседі [7].

Будан өсімдіктерінің қалдықтары (жапырағы, сабагы, тамыры) келесі егілетін дақылдардың көркөненуіне, өсіп дамуына пайдалы өсері жоғары болады. Топырақ құрамын қарашіріктермен байытуға, жоңышқа, асбұршақ т.б. өсімдіктерін пайдалану ежелгі әдістерге жатады. Сонымен қатар, бидайдың синтетикалық үлгілерінде пайдалану мүмкіндіктері белгілі болып отыр [8].

Синтетикалық бидай үлгілер сериясын тек қана селекциялық, генетикалық, цитогенетикалық зерттеулерге ғана емес, органикалық егістікке топырақтың құнарлығын арттыру, таза өнім алу, ауыспалы егістік үшін де кеңінен пайдалану зерттеулеріне енгізілгені белгілі.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу жұмыстары Қазақ егіншілік және өсімдіктер шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының органикалық егіншілік зертханасының егістік алқабында жүргізілді. Егістік алқап Алматы қаласының батысында, теңіз деңгейінен 740 м біркіткіте, тау етегінде 25 км қашықтықта орналасқан. Аяу райы салыстырмалы түрде жұмсақ қысты, мол ылғалдылықты сипаттайты. Көктемі салықын, жазы ыстық, күзі құрғақ болады. Қыста қар жамылғысының қалындығы 15-20 см дейін жетеді. Жылдық жауын-шашын мөлшері 332-645 мм аралығында құбылады. Ылғалдың ең көп түсітін кезеңі – наурыз-маусым айлары. Жаз айларында аяу температурасы +40 °C дейін көтеріледі.

Топырақ құрамы – сұр қоңыр, қарашірік мөлшері 1,7-3,0% аралығында. Жалпы азот құрамы – 2%, фосфор – 0,16%, калий – шамамен 2,0%. Жер асты суларының деңгейі 5 метрден 30 метрге дейін ауытқиды.

Зерттеу нысаны ретінде мәдени бидайдың (*T. aestivum*, 2n=42) көптеген жылдар бойы жабайы туыстарымен (*Aegilops cylindrica* Host, *Aegilops triaristata* Willd, *T. timopheevii*, *T. militinae*, *T. kiharae* және т.б.) будандастыру арқылы алынған тұрақты (2n=42) және келешегі бар үлгілер, сондай-ақ донорлық қасиеттері бар материалдар пайдаланылды [9]. Зертхана генетикалық қорынан каротипі тұрақты және өтпелі будан үлгілерінен тұратын туысаралық және тұрарапалық үлгілер тобы зерттелді.

Жабайы туыстармен алынған жаңа будан үлгілер егістік жағдайда өсіріліп, фенологиялық бақылаулар жүргізілді. Пісіп-жетілген кезде олардың дән құрамындағы технологиялық ақуыз


фракциялары, протеин, клейковина, крахмал мөлшері анықталды. Сонымен қатар үлгілердің 1000 дәнінің массасы және өнімділік элементтері бойынша талдау жүргізілді [10-13].

Будан өсімдіктерін органикалық егіншілікке бейімдеу мақсатында тәжірибелік материалдар казан айының басында алқапқа себілді. Осы кезеңден бастап фенологиялық бақылаулар жүргізілді: өсімдіктердің қыстың суығына төзімділігі, құргақшылыққа шыдамдылығы, сондай-ақ зен, қаракүйе, тат, септориоз сияқты сыртқы ортада жиі кездесетін ауруларға төзімділігі бағаланды. Әрбір үлгіге жеке сипаттама берілді.

Тәжірибелік материалдарды орналастыру, күтіп-балтау, фенологиялық бақылау жүргізу, пісіп-жетілген үлгілерді талдау, өнімділігін, жатып қалуға бейімділігін және басқа да маңызды белгілерін анықтау жұмыстары Н.И. Вавилов атындағы Бүкілресейлік өсімдіктердің генетикалық ресурстары институтының (ВИР) әдістемелік нұсқауларына сәйкес жүргізілді [14]. Зерттеу нәтижелері белгілі агроном-ғалым *Б.А. Доспехов* ұсынған статистикалық әдістер бойынша есептелді [15].

Сұрыпталған үлгілердің дәндерінің технологиялық көрсеткіштері Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының технологиялық зертханасында анықталды. Өсімдіктердің фитопатологиялық патогендерге төзімділігі осы мекеменің өсімдіктерді қорғау зертханасының мамандарының әдістері бойынша бағаланды. Структуралық анықтамалар органикалық егіншілік зертханасында жүргізілді.

Бидай дақылының (күздік, жаздық) жаңа будан үлгілері төменде келтірілген әдістеме бойынша зерттеліп, практикалық селекцияға жаңа әрі перспективалы материал ретінде енгізілді (1-сурет).



1-сурет – Алшақ будандастыру (отдалённая гибридизация)
әдісінің негізгі этаптары

Нәтижелер және талқылау

Цитогенетикалық әдістермен сұрыпталып алынған синтетикалық жаңа будан үлгілері агрономиялық және биологиялық қасиеттерімен ерекшеленіп, органикалық егістіктің ауыспалы егіс жүйелерінде егіліп, азық-түлікке пайдалы өнім алуға бағытталған тәжірибелерге жүйелі түрде енгізілді.

Соңғы жылдары мәдени бидай сорттарын жабайы туыстарымен будандастыру арқылы алынған жаңа түр мен түрше деңгейіндегі синтетикалық үлгілер органикалық егіншілік зертханасының генетикалық қорында мол көлемде жинақталды.

Бидай дақылын жабайы туыстарымен будандастыру арқылы алынған жаңа синтетикалық үлгілерді суармалы егістіктерде органикалық тыңайтқыштарды тиімді пайдалану мақсатында қолдану – топырақ құнарлылығын арттырудың маңызды элементтерінің бірі ретінде қарастырылады.

Осындай тәжірибелік зерттеулер нәтижесінде ауыл шаруашылығы өндірісінде топырақтың құнарлылығын сақтай отырып, сапалы әрі экологиялық таза өнім алудың кең мүмкіндігі бар екені дәлелденді.

Мәдени бидай сорттарын жабайы, бөтен туыс өсімдіктермен будандастыру нәтижесінде алынған жаңа будан өсімдіктерінің даму сатыларында кездесетін алғашқы типтік өзгерістер, олардың даму кезеңдері мен түрлік-түршелеңкі жіктемесі егістік жағдайында нақты анықталды.

Органикалық егістікке егілген будан үлгілері үшін қыс мезгіліндегі ауа райы өте қолайлыштырылған жаңа будан өсімдіктерінің қыстың суығына тәзімділігі жоғары болып, олардың түптену кезеңіне оң әсер етті.

Жылдың жылды мезгілі басталған көктем айларында (наурыз-мамыр) ауа райы өсімдіктердің есүі мен дамуына қолайлыштырылған жаңа будан өсімдіктерінің қыстың суығына тәзімділігі жоғары болып, олардың түптену кезеңіне оң әсер етті.

Жылдың жылды мезгілі басталған көктем айларында (наурыз-мамыр) ауа райы өсімдіктердің есүі мен дамуына қолайлыштырылған жаңа будан өсімдіктерінің қыстың суығына тәзімділігі жоғары болып, олардың түптену кезеңіне оң әсер етті.

Бидайдақылының өнім беретін генеративті мүшелері – атальқожәне аналық гүлжасушаларының күрылышы, биологиялық даму ерекшеліктері, табиғи мейоз, митоз, цитоэмбриологиялық процестері, тұқым қуалаушылық пен өзгеріштік қасиеттері және жалпы генетикалық белгілері тұлғыми тұрғыдан жан-жақты зерттеліп, нәтижелері тұлғыми басылымдарда жарияланды.

Синтетикалық үлгілердің басым бөлігі селекциялық және генетикалық зерттеулер үшін келешегі бар, мұқият зерттелген, жаңа әрі тың материалдар ретінде бағаланып, оларға патенттер берілді [16].

Патенттік реестрге тіркелген бұл үлгілер ұзақ жылдар бойы жүргізілген цитогенетикалық, физиологиялық және технологиялық зерттеулер нәтижесінде, микроскопиялық әдістермен анықталған, кариотипі $2n=42$ болатын тұрақты үлгілер. Бұл материалдар зерттеуге қатысқан маман-ғалымдардың бірлескен еңбегінің нәтижесі болып табылады.

Зерттеу нысаны ретінде будан үлгілерінің 12 нөмірі таңдалып, стандарт ретінде осы аймақта бейімделген Алмалы сортты алынды. Бағалау сәуір айының екінші онкүндігінде, өсімдіктердің түптену кезеңінде жүргізілді (1-кесте).

1-кесте – Синтетикалық үлгілердің фенологиялық бақылау кезеңдерінің нәтижесі

№	Шығу тегі	Түптену	Түтіктену	Масактану	Гүлдеу	Өсімдіктің пісіп жетілуі
1	Алмалы сортты (стандарт)	6.04	10.05	15.05	28.05	1.08
2	1676 (Стекловидная 24 × <i>T.timopheevi</i>)	6.04	7.05	17.05	27.05	1.08
3	1623-11 (Безостая 1 × <i>Ae.cylindrica Host</i>)	6.04	7.05	25.05	29.05	1.08
4	1674-27 (Жетису × <i>T.kiharae</i>) × Алмалы	6.04	7.05	22.05	29.05	1.08
5	1727-27 (Безостая 1 × <i>Ae.cylindrica Host</i>) × Стекловидная 24	6.04	8.05	24.05	29.05	1.08
6	1127-7 (Пржевальская × АД -121-10) × Алмалы	6.04	17.05	29.05	30.05	1.08
7	KZ 231 (Безостая 1 × <i>Ae.triaristata Willd</i>) × Карлыгаш	6.04	16.05	25.05	2.05	1.08

1-кестенің жалғасы

8	2041-7 [ПЭГ-347 × <i>T.kiharae</i>] × Жадыра	6.04	17.05	25.05	29.0	1.08
9	2005-13 (Эритроспермум 121 × <i>Ae.triaristata Willd</i>) × Эритроспермум 121	6.04	17.05	25.05	29.05	1.08
10	1633-31 (Безостая 1 × <i>Ae.triaristata Willd</i>) × Безостая 1	6.04	17.05	25.05	30.05	1.08
11	1716-23 (Безостая 1 × <i>Ae.cylindrica Host</i>) × Карлыгаш	6.04	16.05	26.05	31.05	1.08
12	2041-13 (ПЭГ-347 × <i>T.kiharae</i>) × Эр.121	6.04	17.05	25.05	29.05	1.08

Барлық синтетикалық үлгілер тұptену, тұtкtenу фазасы, масақ шығару, өсімдіктің гулденеу және пісіп-жетілу кезеңдерінде стандарт сортпен салыстырғанда бірыңғай, бірқалыпты өсіп, дамығанын көрсетті. Ерекше өзгерістер байқалмады. Қысқы аязға төзімділігі 97-99% аралығында болды.

Тұptену фазасының соңында будан өсімдіктерінің жапырақ қолемі анықталды. Бұл көрсеткіш будан өсімдіктерінде әртүрлі деңгейде болғаны байқалды. Тұptену кезеңінде будан өсімдіктерінің фотосинтетикалық активті радиацияны (ФАР) сініруі 0,04-0,09% аралығында болды. Жүргізілген эксперименттік мәліметтерге сәйкес, күздік бидай будан өсімдіктерінің вегетациялық мерзімінің ұзақтығы стандарт сортпен салыстырғанда 282–284 тәулікті көрсетті.

Будан өсімдіктерінің құрылымдық нұсқасы мен масақтарының морфологиялық бейнесін (мәдени сорттар және будандастыруға алынған аталақ-аналық генотиптермен салыстыра отырып) зерттегендеге, олардың басым бөлігінің біркелкі және бірыңғай екені анықталды.

Органикалық егістікте егілген жаңа синтетикалық будан үлгілерін біркелкі тазалықтан өткізу жұмыстары масақтану фазасынан басталды. Бұл кезеңде қылтықты немесе қылтықсыз болуы, масақ қауыздарындағы түкшелер мен балауыз өнездерінің бар-жоғы анықталды. Екінші кезеңдегі тазалықты анықтау жұмыстары өсімдіктер пісіп-жетілген кезде жүргізілді.

Органикалық егістікте зерттелген синтетикалық будан үлгілері көп жоспарлы материалдар болып табылады. Осыған байланысты әрбір өсімдікten өнім жинау элементтері бойынша құрылымдық талдау жүргізілді. Өнім жинау элементтері ретінде келесі белгілер бағаланды: өсімдік сабағының ұзындығы, бір тұptегі өсімдіктер саны, масақ ұзындығы, бас масақтағы масақшалар саны, бір масақтағы дән саны, 1000 дәннің массасы және әрбір үлгінің өнімділігі, ц/га (2-кесте).

2-кесте – Органикалық ерістік алқабындағы синтетикалық үшілдердің сандық көрсеткіштері

№	Қаталог	Шығу тегі	Өсімдіктің биіктігі, см	Өсімдіктің түптер, саны	Масактың ұзындығы, см	Масактың тыбыздыны, саны	Бас масактағы дән саны, тац	1000 дәннің массасы, г	Өнімі, ц/га
1		Алматы сорты (стандарт)	104,2	3,6	10,3	18,0	46,3	46,7	50,6
2		Хан-төңгри	100,0	4,1	16,4	17,5	49,2	48,3	53,3
3	1127-7	(Пржевальская × АД -121-10) × Алматы	107,3	4,5	10,4	20,3	50,4	64,3	53,3
4	2041-7	[ПЭГ-347 × <i>T.kiharae</i>] × Жадыра	108,4	5,0	10,7	20,3	70,2	56,7	62,5
5	1674-27	(Жетісу × <i>T.kiharae</i>) × Алматы	115,3	5,0	12,2	21,3	70,0	51,2	53,5
6	2005-13	(Эритроспермум 121 × <i>Ae.triaristata</i> 12,35,2 Willd 13,4) × Эритроспермум 121 Willd) × Карлығай	110,2	5,3	12,1	21,4	78,2	40,7	53,5
7	KZ 231	(Безостая 1 × <i>Ae.triaristata</i> Willd) × Карлығай	107,3	5,2	12,3	21,0	70,3	52,4	56,4
8	2068-1	(Эритроспермум 350 × <i>Ae.triaristata</i>) × Жалын	110,7	5,0	13,4	22,0	62,1	48,2	50,1
9	2041-13	(ПЭГ-347 × <i>T.kiharae</i>) × Жадыра	100,8	4,7	11,3	20,1	81,0	47,3	44,6
10	1716-24	(Безостая 1 × <i>Ae.cylindrica</i> Host) × Карлығай	110,2	5,0	9,0	22,0	90,0	40,2	48,2
11	1676	(Стекловидная 24 × <i>T.timopheevii</i>)	100,3	5,2	12,1	22,0	76,6	49,3	66,0
12	T-14	Кожа (АД 114 × ПРАГ-26) × Таза	110,2	5,0	14,3	26,3	80,0	52,4	80,0
13		Оргаша мәні және стандартты ауыткуы	107,1±4,6	4,8±0,5	12,0±1,9	21,0±2,1	68,7±13,4	49,8±6,3	56,0±9,1
		EEA ₀₅ (± σ)	4,8	0,2	0,6	1,0	3,0	2,2	2,6

Зерттеулер анықтамасында өсімдік сабағының биіктік белгісі бойынша әрбір генотиптерде өзара салыстырганда айырмашылық болғанын көрсетті. 1676 (Стекловидная 24 × *T.timopheevi*) будан үлгісі сабағының биіктігі – 85,5 см көрсетіп, қысқа сабақты топқа орналасты. Өсімдік сабағының биіктік белгісі, құлап қалуы төзімділік белгісімен тікелей байланысты. Суармалы егістікте өсімдіктің осы белгісі пайдалануға ыңғайлы белгі болып табылады. Тәжірибеге алынған будан генотиптерінің ішінде бойы биік үлгілерде кездесті: 1727-27 (Безостая 1 × *Ae.cylindrica Host*) × Стекловидная 24 (118,1 см), 2005-13 (Эритроспермум 121 × *Ae.triaristata Willd*) × Эритроспермум 121 (120,1 см), 1633-31 (Безостая 1 × *Ae.triaristata Willd*) × Безостая 1 (120,1 см) болғаны байқалды. Осы үлгілер органикалық егістік жағдайында аталған будан өсімдіктерінің ішінде биіктігі бойынша ерекшеленеді. Дегенмен, егістік алқапта бұл өсімдіктердің құлап қалу белгісі байқалмады.

Өсімдіктердің өнім беретін элементтерінің бірі болып түптену белгісінің алатын орны ерекше. Түптену элементі егістіктегі ылғалмен қамтамасыз етілуіне қарай байқалатын белгі. Жалпы өсімдіктің өсуі, дамуы, түптенудің көп сабақты болуы топырақтың ылғал жинау қабілетімен тығыз байланысты. Будан үлгілерінің «өнімді түптілік» белгісі бойынша барлық будан комбинацияларында өзара айтарлықтай айырмашылықтар болмағанын көрсетті. Ең төменгі түптену белгісін көрсеткен будан комбинациясы 1623-11 (Безостая 1 × *Ae.cylindrica Host*) 4,0 санын көрсетсе, түптену жоғары болған будан – 2047-7 (Эритроспермум 350 × *T.kiharae*) × Эритроспермум 350 будан комбинациясы 5,2 санын көрсетті. Бақылау сорты Алмалы – 3,7 санды көрсетті. Зерттеліп отырған материалдар келешекте практикалық селекция үшін алғашқы материал болып будандастыру жұмыстарына пайдалануға тиімді үлгілер деп бағаланады.

Зерттеуге алынған атальқ-аналық генотиптер мен синтетикалық өсімдік үлгілерін арнайы комбинациялық қабілеттері бойынша салыстыра қарасақ, органикалық егістікте мына үлгілердің – 1127-7 (5,3), 2041-7 (5,2), 1675-149 (6,0), Қожа (5,4), 1675-37 (5,2) түптену процесі жоғары болғаны байқалды. Осыған орай, будан өсімдіктерінің барлық синтетикалық генотиптерінің әсер ету мүмкіндігі деп қарауға болады. Дегенмен, будан үлгілерінің келешекте мол өнім беретін, түптену санының арасында айтарлықтай айырмашылық болмағаны байқалады. Зерттеу нысандарының арасында будан өсімдіктерінің масағының ұзындығы сол генотипке тиісті тұрақты белгісі болып табылады. Өсімдіктің өсу, даму жағдайына байланысты ұзындық белгісінде бірқатар ауытқулар болғаны байқалады. Синтетикалық будан үлгілерін органикалық егістікте зерттеу барысында масақтардың биік болуының себептері, негізінен будандастыруға іріктелген атальқ-аналық түрлермен туыстардың комбинациялық қабілеттерінің өзгерістері екендігі белгілі. Комбинациялық қабілеттілік нұсқаларының жоғары болуы мына генотиптерде: 1676 (12,2 см), 1623-11 (12,4 см), 1674-27 (12,2 см), 1127-7 (12,2 см), Хан -Тенгри (18,7 см), 1716-24 (16,9 см), 1675-149 (18,3 см), Қожа (28,0 см), 1675-37 (18,7 см), 2041-12 (18,6 см). Зерттеліп отырған өсімдік белгісі бойынша комбинация құру қабілеттерінің нұсқаларындағы өзгеріштіктерінің басым белгігі осы белгіге тиесілі болды. Будан үлгілерінің арасынан сұрыпталып алынған осы генотиптер болды. Осы генотиптер алғашқы материал ретінде селекциялық жұмысқа қолдануға тиімділігі жоғары материал болып саналады.

Практикалық селекция зерттеулері үшін масақтағы масақшалардың сандық көрсеткіштері салыстырмалы түрде жоғары тиімділігі бар ерекше белгі болып есептеледі. Эксперимент жасалған материалдардың арасынан масақшаларының көп санды көрсеткен мына генотиптер болды: 1623-11 (20,3 тал), 1727-27 (20,2 тал), 2047-7 (21,3 тал), 2041-13 (20,2 тал), 1633-31 (20,0 тал), 1718-31 (20,4 тал), Қожа (28,0 тал), ал ең төменгі көрсеткішке ие болған KZ 231 (18,6 тал) будан генотипі болды. Бақылау сорты Алмалы осы көрсеткіш бойынша 16,4 тал көрсетті.

Масақтағы дән саны өсімдіктің өнімділігін құрайтын негізгі элементтердің бірі болып саналады. Будан өсімдіктерінің бұл элементі әрбір генотиптің даму барысында, тозаңдану, ұрықтану процестерімен өте тығыз байланысты. Климаттық сыртқы ортада дән байлауға әсері ерекше және шешуші элементі болып табылады. Жалпы будан өсімдіктері комбинациялық құрылымы бойынша, қабілеттілігінің тиімділігі бойынша зерттеу жылдарында тұрақты көрсеткіш мына үлгілерде ерекше байқалды: 1127-7 (50,4 тал), 2047-7 (70,2 тал), 1674-27 (70,0 тал), 2005-13 (78,2 тал), 2041-13 (81,0 тал), 1716-24 (90,0 тал), T-14 Қожа сорты (80 тал). Осы көрсеткіш бойынша бақылау сорты өнімділікті құрайтын негізгі элементтердің бірі болып саналады. Дегенмен, дәннің бұл

белгісі бойынша өсімдіктің өсу, даму жағдайына байланысты айтарлықтай өзгеріп отырады.

Өсімдіктердің өнім жинауында өсімдік генотиптердің 1000 дәндік массалық салмағында айтарлықтай жоғары мәліметтерді көрсете білді. Бұл белгінің көрсеткіштері қоршаған ортаға, топырақтың сапасына, ылғалдың жеткілікті болуына байланысты үлкен өзгерістерге ұшырап отырады. Өсімдіктің осы белгісі бойынша органикалық егістік стационарындағы зерттеулерімізде мына үлгілер: 1127-7, 2041-7, 231, 1674-27, T-14 Қожа жақсы нәтижелер көрсетіп ерекшеленді. Генотиптер 1000 дәнінің массалық салмағы бойынша генкөздері бар, донорлық қасиеттерге ие болып практикалық селекциялық тәжірибелік зерттеулеріне мына генотиптер жіберілді: 1127-7 (Пржевальская × АД -121-10), 2041-7 (ПЭГ-347 × *T.kiharae*) × Жадыра, KZ231 (Безостая 1 × *Ae.triaristata Willd*) × Карлығаш, T-14 (AD114 × ПРАГ-26) × Таза.

Тұысаралық және тұрааралық синтетикалық будан өсімдіктерінің өнімді генеративті органдары, аталақ пен аналық ғұл жасушаларының құрылышы мен биологиясы, сондай-ақ олардың табиги өсуі мен дамуы және басқа да көптеген генетикалық қасиеттері ғылыми зерттеулердің объектісі болып, нәтижелері ғылыми басылымдарда жарияланды.

Синтетикалық будан генотиптерінің ылғалды және құргақ жапырақтарына физиологиялық талдау жұмысы жүргізілді. Фенологиялық бақылауда өсімдіктердің түптеу фазасының соңғы мерзімі болатын. Осы фазада өсімдіктің биіктігі 20-30 см дейінгі аралықта болды. Өсімдіктердің ең төменгі биіктігі 20 см (1676), ал ең биік өсімдік 30 см (1717-27) болғанын көрсетті. Бақылау өсімдігі Алмалы сорты – 37,2 см көрсетті.

Зерттелген өсімдіктердің физиологиялық массасының түзілуі де әрбір генотипте әртүрлі дәрежеде болды. Биологиялық массасының қарқынды түрде жиналуы бір өсімдікке шаққанда мына үлгілерде байқалады: 1674-27 (10,02 г), KZ 231 (9,84 г), 2041-7 (10,74 г), 1127-27 (10,92 г). Алғашқы дымқыл кезінде биомассасының ең төменгі құрамы 2041-13 (4,73 г) үлгіде болғаны анықталды. Бақылау сорты осы фазада 8,59 г құрады. Бір өсімдік бойынша жапырағында 4,41 г, сабағында 4,18 г. Анықталған өсімдіктердің құргақ массасы 0,77-1,40 г деңгейін көрсетті. Оның ішінде, жапырағында 0,43 г, ал сабағында 0,27 г. Түптеу фазасының соңында жабайы туыстардан алынған будан өсімдіктері жапырағының көлемі анықталды. Бұл көрсеткіш тең көлемде болды. Түптену фазасында будан үлгілерінің ФАР сіңіру мөлшері 0,04-0,09% деңгейінде болды. Будан үлгілерінің түтіктену және ғүлдену фазасында жылу энергиясын мол сіңіріп алуына байланысты өсімдіктің биіктігі ең жоғары көрсеткішті көрсетті. Зерттелген будан өсімдіктерінің биіктігі 95-115 см аралығында болды. Ең биік болып өскен синтетик үлгісі 1717-27 (115,0 см), ал ең төменгі ұзындықты көрсеткен синтетик KZ 231 (105,0 см) және 2005-13 (100,1 см). Аталған үлгілерде өсімдіктің жалпы дымқылдану кезіндегі биологиялық массасының жиналуы (бір өсімдік бойынша) 34,2-61,04 г аралығында болғанын көрсетті, оның ішінде жапырағында 11,43 г, сабағында 41,54 г, ал масақта 8,07 г болды. Төменгі массалық өнім көрсеткіші 1676 (10,23 г), 2041-13 (17,73 г), 1718-23 (6,22 г) будан үлгілерінде байқалды.

Биологиялық массасының дымқылдану мерзімінде биологиялық өніміне байланысты өзіне тән заңдылықтары болатыны белгілі. Будан өсімдіктерінде барлық анықталған өсімдіктердің жапырақтарында көп жиналғанын көрсетті. Басқада зерттелген генотиптер осы заңдылықтардың шенберінен шықпаганы байқалды. Будан өсімдіктерінің жапырақ аппаратының көлемінің ұлғаюы фотосинтездік реакцияның көп жиналуына жағдай жасады.

Жалпы дымқылдану кезіндегі биологиялық массасының жиналуы (бір өсімдік бойынша) 34,2-61,04 г аралығында болғанын көрсетті.

Кейінгі жылдары табиги жағдайда ауда түрлі жұқпалы аурулардың өсіп дамуына өте қолайлы жағдайлардың (жаңбырдың жиі-жиі болуы, түннің салқын болуы және шың түсі мерзімінің ұзактығы) әсері мол болды.

Күздік синтетикалық будан үлгілерінің көктемде түптену фазасында өсімдіктің сабағында, жапырағында болатын тат аурулары болмас үшін түрлі биологиялық әдістерді колдану тәжірбесі жүргізілді. Фенологиялық есептеуді өсімдіктің түтіктену фазасында масақ шығару фазасында төменгі және ортағы екі жапырақта, масақта, екі жоғарғы жалау жапырақтарындағы ауруларды қадағалап есепке алу жұмысы жүргізілді. Ең соңғы бақылау есепті өсімдіктердің жапырақтарындағы тат аурулары дәннің сүттену-тамырлану фазасында және пісү мерзімінде жүргізілді. Осы орайда 0 балл нағыз иммунды деп, 1-2 балл- төзімді, ал 3-4 балл – ауруға берілген

болып есептелді. Онда бидай будан үлгілерінің 0-5% ауруға шалдыққандары жоғары төзімді, 6-20% – төзімді, 21-40 % әлсіз төзімді, 41-65% – төзімсіз, 90-100% болса ең жоғары төзімсіздік деп есептелді.

Органикалық егістік жағдайында жүргізілген фенологиялық бақылаулар өсімдіктердің жағдайын сандық мөлшерде есептеп, қысқы сұыққа төзімділігін бағалап, белгілерін селекция және тұқым шаруашылығы әдістемелерімен салыстыра отырып анықталды.

Күздік будан үлгілерінің бір қатары көшеттерде, әлсіз ортада тат ауруының (қоңыр) жергілікті популяциясымен ауырғаны байқалды. Кейбір үлгілерде 1674-27 (Жетісу × *T.kiharae*) × Алмалы, 1675-4 (Эритроспермум 350 × *T.kiharae*) × Эритроспермум 350, 1712-30 (Эритроспермум 350 × *T.militinae*) Смамыр айының ортасында жұқпалы аурулардың түрлері пайда болды. Ал маусым айының бірінші жартысында осы үлгілерде аурулардың ете көп дамуына байланысты ауырмайтын немесе әлсіз ауыратын үлгілерін сұрыптаап алуға қол жеткіздік, олар 1675-12 (Эритроспермум 350 × *T.kiharae*) × Эритроспермум 350; 1675-149 (Эритроспермум 350 × *T.kiharae*) × Эритроспермум 350; 1716-23 (Безостая 1 × *Ae.cylindrica* Host) × Карлыгаш; 1718-7 (Безостая 1 × *Ae.cylindrica* Host) × Карлыгаш; 1723-34 (Безостая 1 × *Ae.cylindrica* Host) × *T.kiharae*; Т-14 сорт Қожа.

Тат ауруларының дамуы көпшілік жағдайда будан өсімдіктерінің төменгі жапырақтарында болды.

Алынған мәліметтер будан үлгілерінің ауруға төзімділік қасиеті бойынша бақылау сортымен салыстырмалы түрде жүргізілді. Бұрынғы жүргізілген зерттеулермен салыстырғанда осы жылы (2024 ж) бидай дақылы үшін тат ауруларының даму қарқыны ерекше болғанын көрсетті.

Органикалық егістік жағдайында синтетикалық будан үлгілерінің дән құрамындағы акуыздың мөлшері 12,6-18,9% аралықта болғанын көрсетті.

«Жақсы» класс деңгейін көрсеткен генотип 2041-7 (14% артық көрсеткіш) үлгісі болды.

Зерттеу қортындысы бойынша 2005-13 (14,5%), 1718-31 (16,4%), 1623-11 (17,8%) үлгілердің сапалық көрсеткіштері «Жақсы» деген бағага иеленді.

Күздік бидай синтетикалық үлгілерінің дәніндегі клейковинаның ең жоғарғы деңгейі 39,6% көрсетті. Селекциялық бағдарламалар бойынша синтетикалық материалдарды қанақтыра (беккросс) будандастыру нәтижесінде алынғандықтан дәнде клейковинаның деңгейі әртүрлі аралықта болды. Зерттелген материалдардың ішінде клейковинаның сапалық қасиеті бойынша келешегі бар келесі үлгілер: 2005-13 (29,2%), 1717-27 (32,2%), 2041-13 (32,0%), 1718-31 (34,0%), 1623-11 (39,2%) бөлініп алынды.

Келешегі бар өтпелі үлгілердің дән құрамында акуыздың мөлшері ($N \times 5,7$), органикалық егістікте 12,6% (2041-7) дейінгі аралықта болды. «Жақсы» класс деңгейінде және «Өте жақсы» (>16,0%) болған жағдайда селекция үшін келешегі бар үлгі болып саналады. Акуыз құрамының класстың деңгейінің жоғары болғанын мына синтетик генотиптер дәлелдеді: Полба (18,9%), 1623-11 (17,8%), 1718-31 (16,4%).

Тұысаралық және тұрааратылған үлгілерінің дәніне технологиялық талдау (ірілігі, натурасы, дәннің қаттылығы, седиментациясы) жүргізілді. Жабайы туыстардан алынған будандардың дәні толық жетілмеген және ұсақ болатындықтан, оларды арнайы әдістермен талдау қажет болды.

Зерттелген материалдардың сапасы төмен (МДК бойынша 95-100 бірлік аралығында) болғанымен, синтетикалық бидай үлгілерінің дәні «шыны» тәрізді жылтыр белгілерімен ерекшеленіп, негізінен «құшті» класс тобына жатты. Суармалы жағдайда кейбір генотиптердің сапасы төмендегені байқалды.

Көп жағдайда синтетикалық үлгілер дән қаттылығы бойынша «орташа» және қатты дәнділер тобына кірді (SKSS 52-93 бірлік аралығында).

Көріткінді

Сонымен күздік бидай дақылының тұысаралық будан үлгілерінің органикалық егістік алқабында көрсеткен биологиялық, агрономиялық параметрлері бойынша біршама ерекшеліктері болғаны, ауа-райының әсері байқалды. Тат, қаракүйе ауруларына шыдамдылық қасиеттері бойынша да әрбір генотип өзінің мүмкіншіліктерін көрсетті. Синтетикалық будан үлгілері селекциялық, генетикалық, биохимиялық, технологиялық белгілері мен қасиеттері бойынша жоғары көрсеткіштегі жақсы болған үлгілер практикалық селекция үшін алғашқы материал есебінде будандастыру зерттеулеріне бағалы материал болып табылады.

Авторлардың қосқан үлесі

КК және ШБ: зерттеу материалының жинақталуы мен жүйеленуін қамтамасыз етіп, алынған деректерді жан-жақты талдаумен айналысты; сонымен қатар, мақала мәтінінің жазылуы және ғылыми форматта рәсімделуін жүзеге асырды. НС және АЖ: зерттеуге қатысты ғылыми әдебиеттерді кең ауқымда талдаپ, іріктеу жұмыстарын жүргізіп, қажетті ақпараттық құрылудына маңызды үлес қости. МБ және ЖЖ: қолжазбаның соңғы редакциялық өндөлеуі мен коррекциясын жүргізуге белсене қатысты. Барлық авторлар қолжазбаның соңғы нұсқасын мұқият қарап, талдап, мақұлдады.

Қаржыландыру туралы ақпарат

Жұмыс Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2024-2026 жылдарға арналған BR22885418 «Қазақстан Республикасында ауыл шаруашылығы өнімінің органикалық өндірісінің технологиялық дамуын ғылыми қамтамасыз ету» бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру аясында жүзеге асырылды».

Әдебиеттер тізімі

- 1 Гончаров, НП. (2012). *Сравнительная генетика пшеницы диких сородичей пшеницы*. Новосибирск: 520.
- 2 Кожахметов, КК. (2010). Отдаленная гибридизация в роде Aegilops. *Новости науки Казахстана*, 1(104), 137-140.
- 3 Абугалиева, АИ, Кожахметов, КК, Моргунов, А. (2020). *Межвидовые и межродовые формы озимой и факультативной пшеницы как основа для сохранения использование генофонда диких сородичей (каталог)*. Алматы: «Толғанай», 89.
- 4 Кожахметов, КК, Уразалиев, РА. (2003). Новые исходные материалы для практической селекции пшеницы. *Вестник КазНУ им. Аль-Фараби. Серия биологическая*, 2 (20), 43-46.
- 5 Давоян, РО, Бебякина, ИВ, Давоян, ОР, Зинченко, АН, Давоян, ЭР, Кравченко, АМ, Зубанова, ЮС. (2012). Синтетические формы как основа для сохранения и использования генофонда диких сородичей мягкой пшеницы. *Вавиловский журнал генетики и селекции*. 1(16), 44-52.
- 6 Дорофеев, ВД, Мигушова, ЭФ. (1977). Новый вид пшеницы *Triticum kiharae. Dorot. Et Migusch.*, гомолог спелты. *Бюлл. ВИР*, 71, 83.
- 7 Кожахметов, К., Бастаубаева, ШО, Слямова, НД, Бекбатыров, МБ, Койланов, КС. (2022). Изучение синтетических линий озимой мягкой пшеницы по хозяйственно-ценным признакам. *Вестник Кызылординского университета имени Коркыт Ата*, 4(63), 273-282.
- 8 Кожахметов, КК, Бастаубаева, ШО, Слямова, НД, Жакатаева, АН, Башабаева, БМ, Бураходжа, АМ. (2023). Интрагресивный линий мягкой пшеницы с участием диких сородичей. *Ғылым және білім*, 2-2(71), 228-241.
- 9 Ержебаева, РС, Абекова, АМ, Базылова, ТА, Масимгазиева, АС, Мереева, ТД, Кожахметов, КК, Бастаубаева ШО, Слямова, НД. (2023). Подбор интрагресивных линий пшеницы и тритикале по качеству зерна и устойчивости к болезням для использования в органическом земледелии. *Сибирский вестник сельскохозяйственной науки*, 53(2), 110-120.
- 10 Межгосударственный стандарт ГОСТ 10840-64 - Зерно. (2009). Методы определения натуры. Москва: Стандартинформ.
- 11 Межгосударственный стандарт ГОСТ 10846-91- Зерно и продукты его переработки. (2009). Методы определения белка. Москва: Стандартинформ.
- 12 Межгосударственный стандарт ГОСТ 10987-76 - Зерно. (2009). Методы определения стекловидности. Москва: Стандартинформ.
- 13 Межгосударственный стандарт ГОСТ 13586.1-2014 - Зерно. (2009). Методы определения количества и качества клейковины в пшенице. Москва: Стандартинформ.
- 14 *Методические указания ВИР изучение коллекции пшеницы*. (1985). М.: ВИР, 60.
- 15 Доспехов, БА. (1979). Методика полевого опыта. М.: Колос, 415.

16 Кожахметов, К., Бастаубаева, ШО, Жакатаева, АН, Койланов, КС, Бураходжа, АМ. (2024). Использование генофонда диких сородичей для улучшения мягкой пшеницы в органическом земледелии. *Izdenister, Nátiyeler*, 2-1 (special), 158-172.

References

- 1 Goncharov, NP. (2012). *Sravnitel'naya genetika pshenicy dikh sorodichei pshenicy*. Novosibirsk: 520.
- 2 Kozhahmetov, KK. (2010). Otdalennaya gibridizaciya v rode Aegilops. *Novosti nauki Kazahstana*, 1(104), 137-140.
- 3 Abugalieva, AI, Kozhahmetov, KK, Morgunov, A. (2020). *Mezhvidovye i mezhrodovye formy ozimoi i fakultativnyi pshhenicy kak osnova dlya sohraneniya ispol'zovaniye genofonda dikh sorodichei (katalog)*. Almaty: «Tolǵanai», 89.
- 4 Kozhahmetov, KK, Urazaliev, RA. (2003). Novye ishodnye meterialy dlja prakticheskoi selekcii pshenicy. *Vestnik KazNU im. Al'-Farabi. Seriya biologicheskaya*, 2(20), 43-46.
- 5 Davojan, RO, Bebjakina, IV, Davojan, OR, Zinchenko, AN, Davojan, JeR, Kravchenko, AM, Zubanova, JuS. (2012). Sinteticheskie formy kak osnova dlya sohraneniya i ispol'zovaniya genofonda dikh sorodichei myagkoi pshenicy. *Vavilovskii zhurnal genetiki i selekcii*, 1(16), 44-52.
- 6 Dorofeev, VD, Migushova, JeF. (1977). Novyi vid pshenicy Triticum kiharae. Dorot. Et Migusch., gomolog spelti. Byull. VIR, 71, 83.
- 7 Kozhahmetov, K., Bastaubaeva, ShO, Slyamova, ND, Bekbatyrov, MB, Koilanov, KS. (2022). Izuchenie sinteticheskikh linii ozimoi myagkoi pshenicy po hozyaistvenno-cennym priznakam. *Vestnik Kyzylordinskogo universiteta imeni Korkyt Ata*, 4(63), 273-282.
- 8 Kozhahmetov, KK, Bastaubaeva, ShO, Slyamova, ND, Zhakataeva, AN, Bashabaeva, BM, Burahodzha, AM. (2023). Introgresivnyi linii myagkoi pshenicy s uchastiem dikh sorodichei. *Çylym jáne bilim*, 2-2(71), 228-241.
- 9 Erzhebaeva, RS, Abekova, AM, Bazylova, TA, Masimgazieva, AS, Mereeva, TD, Kozhahmetov, KK, Bastaubaeva ShO, Slyamova, ND. (2023). Podbor introgressivnyh linii pshenicy i tritikale po kachestvu zerna i ustojchivosti k boleznym dlya ispol'zovaniya v organicheskem zemledelii. *Sibirskii vestnik sel'skohozyaistvennoi nauki*, 53(2), 110-120.
- 10 Mezhgosudarstvennyi standart GOST 10840-64 - Zerno. (2009). Metody opredeleniya natury. Moskva: Standartinform.
- 11 Mezhgosudarstvennyi standart GOST 10846-91- Zerno i produkty ego pererabotki. (2009). Metody opredeleniya belka. Moskva: Standartinform.
- 12 Mezhgosudarstvenny standart GOST 10987-76 - Zerno. (2009). Metody opredeleniya steklovidnosti. Moskva: Standartinform.
- 13 Mezhgosudarstvennyi standart GOST 13586.1-2014 - Zerno. (2009). Metody opredeleniya kolichestva i kachestva kleikoviny v pshenice. Moskva: Standartinform.
- 14 *Metodicheskie ukazanie VIR izuchenie kollekci pshenicy*. (1985). M.: VIR, 60.
- 15 Dospehov, BA. (1979). *Metodika polevogo opyta*. M.: Kolos, 415.
- 16 Kozhahmetov, K., Bastaubaeva, ShO, Zhakataeva, AN, Qoilanov, QS, Burahodzha, AM. (2024). Ispol'zovaniye genofonda dikh sorodichei dlya uluchsheniya myagkoi pshenicy v organicheskem zemledelii. *Izdenister, Nátiyeler*, 2-1(special), 158-172.

Потенциальная продуктивность устойчивых гибридов пшеницы на органических посевных площадях

Кожахметов К., Бастаубаева Ш.О., Слямова Н.Д., Жакатаева А.Н.,
Бекбатыров М.Б., Жолдасбайұлы Ж.

Аннотация

Предпосылки и цель. Органическое сельское хозяйство в настоящее время является одним из основных направлений производства экологически чистой продукции. В связи с этим актуальной задачей является повышение урожайности пшеницы на органических землях. Гибридизация пшеницы с дикими родственниками и получение синтетических межвидовых гибридов может привести к повышенной продуктивности и устойчивости к болезням в органических условиях. Основная цель данного исследования – определить потенциальную продуктивность межвидовых гибридных образцов на органических посевах.

Материалы и методы. Исследования проводились на органическом поле Казахского научно-исследовательского института земледелия и растениеводства. В качестве объектов исследования были выбраны культурная пшеница (*Triticum aestivum*) и синтетические гибриды, полученные путем скрещивания с ее дикими родственниками (*Aegilops cylindrica*, *Aegilops triaristata*, *Triticum timopheevii*, *T. militinae*, *T. kiharae*). Гибридные образцы высевали с различной шириной междурядий и изучали их вегетационный период, устойчивость к болезням, элементы урожайности, а также технологические качества зерна (содержание белка, клейковины, крахмала). Результаты исследования анализировали с использованием статистических методов по Б.А. Доспехову.

Результаты. Растения синтетических гибридов в течение вегетационного периода проявили высокий уровень устойчивости и показали стабильную сопротивляемость болезням. Кроме того, качество зерна гибридов характеризовалось высокими показателями, что позволяет использовать их как эффективный исходный материал для дальнейшей селекции. Собранные данные подтвердили, что новые гибридные образцы устойчиво дают урожай в условиях органического земледелия.

Заключение. Использование межвидовых гибридов пшеницы на органических полях открывает путь к производству экологически чистой и устойчивой продукции в сельском хозяйстве. Полученные синтетические гибриды обладают высокой продуктивностью и устойчивостью к болезням, что доказало их эффективность для дальнейшего применения в селекционной работе. Данное исследование послужит основой для совершенствования селекции пшеницы в органическом сельском хозяйстве и создания новых высококачественных сортов.

Ключевые слова: скрещивание с дикими родственниками; синтетические генотипы сортов; образцы.

Potential productivity of stable hybrid wheat varieties on organic cropping areas

Kenebai Kozhakhmetov, Sholpan O. Bastaubaeva, Nazira D. Slyamova,
Altynay N. Zhakatayeva, Maripbay B. Bekbatyrov, Zhandos Zholdasbayuly

Abstract

Background and Aim. Organic agriculture is currently one of the main directions for producing environmentally friendly products. In this regard, increasing the productivity of wheat crops in organic fields is an important issue. Synthetic interspecific hybrids obtained by crossing wheat with its wild relatives may exhibit higher productivity and disease resistance under organic conditions. The main goal of this study is to determine the potential productivity of interspecific hybrid lines in organic fields.

Materials and Methods. The research was conducted on the organic field plots of the Kazakh Research Institute of Agriculture and Plant Growing. The objects of study included cultivated wheat (*Triticum aestivum*) and synthetic hybrids obtained by crossing it with its wild relatives (*Aegilops*

cylindrica, *Aegilops triaristata*, *Triticum timopheevii*, *T. militinae*, *T. kiharae*). The hybrid lines were sown with different row spacing, and their vegetation period, disease resistance, yield components, and grain technological quality (protein, gluten, and starch content) were studied. The results were analyzed using statistical methods by *B.A. Dospekhov*.

Results. The plants of the synthetic hybrid lines demonstrated a high level of resistance during the vegetation period and showed stable resistance to diseases. In addition, the grain quality of the hybrids was characterized by high indicators, allowing them to be used as effective initial material for further breeding. The collected data confirmed that the new hybrid lines consistently produce stable yields under organic farming conditions.

Conclusion. The use of interspecific wheat hybrids in organic fields opens the way to producing environmentally friendly and sustainable products in agriculture. The obtained synthetic hybrids possess high productivity and disease resistance, proving their effectiveness for further use in breeding programs. This study provides a basis for improving wheat breeding in organic agriculture and developing new, high-quality varieties.

Keywords: crossbreeding with wild relatives; synthetic genotypes of varieties; samples.

Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінің Ғылым жаршысы: пәнаралық = Вестник науки Казахского агротехнического исследовательского университета имени Сакена Сейфуллина: междисциплинарный. – Астана: С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті, 2025. -№ 2/1 (126). - Р.87-99. - ISSN 2710-3757, ISSN 2079-939X

[doi.org/ 10.51452/kazatu.2025.2/1\(126\).1948](https://doi.org/10.51452/kazatu.2025.2/1(126).1948)

ӘОЖ 637.5:636.083. 314:004 (045)

Зерттеу мақаласы

Органикалық ет өндірісінде цифрлық элементтермен жабдықталған жайылымдық мал шаруашылығы технологиясы

Арын Б.Е.¹ , Ускенов Р.Б.¹ , Бостанова С.К.² , Шайкенова К.Х.¹ , Серекпаев Н.А.² , Мирманов А.Б.¹ , Лидер Л.А.¹ , Есжанова Г.Т.³ 

¹С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті, Астана, Қазақстан,
²Қазақстандық технологияларды коммерцияландыру орталығы» ЖШС, Астана, Қазақстан,
³«AgroInnovaConsalt» ЖШС, Астана, Қазақстан

Корреспондент автор: Арын Б.Е.: a.beka2012@mail.ru

Бірлескен авторлар: (1: УР) ruskenov@mail.ru; (2: БС) bostanova_sk@mail.ru;
(3: ШК) mika-leto@mail.ru;(4: СН) serekpaev@mail.ru; (5: МА) mirmanov.a@mail.ru;
(6: ЛЛ) l.lider@kazatu.kz; (7: ЕГ) yeszhanova-astana@mail.ru

Қабылданған күні: 17-04-2025 **Қабылданды:** 27-06-2025 **Жарияланды:** 05-07-2025

Түйін

Алғышарттар мен мақсат. Органикалық ет өндірісі жағдайында цифрлық технологиялардың (датчиктер, бақылау жүйелері, деректерді талдау және автоматтандыру) дамуы мал шаруашылығын, соның ішінде жайылымдық жүйелерді тиімді басқаруға жол ашты. Бұл инновациялық технологиялар органикалық өндірістің экономикалық тиімділігін арттыруда маңызды рөл атқаруда. Зерттеудің мақсаты – мал шаруашылығында цифрлық технологияларды қолдану арқылы жайылымдық жүйелердің тиімділігін арттыру және органикалық өнім өндірудің негізdemесін айқындау болып табылады.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу Солтүстік Қазақстан облысы, Аққайын ауданындағы «Солтүстік Қазақстан ауылшаруашылық тәжірибе станциясы» ЖШС базасында жүргізілді. Объектілер – дала аймагының жайылымдары мен қазактың ақбас тұқымды ірі қара малы. 70 га жайылым 7 участкеге (әрқайсысы 10 га) белініп, гүл жапырақшасы тәрізді құрылымда орналастырылды. Суару жүйесі орталықтандырылып, жануарлардың суатқа келуін тіркеу үшін RFID негізіндегі автоматты платформа қолданылды. Су ішу уақыты, ұзақтығы мен ветеринарлық өндеу деректері тіркелді. Жайылым сапасы сиырлар мен құнажындардың дене қоңдырығын (body condition score – бұдан әрі BCS) 9 балдық шкала бойынша бағалау арқылы анықталды.

Нәтижелер. Жайылымда 35 өсімдік түрі анықталды, олардың әртүрлілігі жаз мезгілінде жоғары болды. Участкеларды екі циклмен пайдалану өсімдік жамылғысының тұрақтылығын қамтамасыз етті. Сиырлар мен екі жастан асқан құнажындардың BCS көрсеткіші көпшілігінде 5–7 балл аралығында болды; бұл жайылымдық азықтың сапасына тәуелді. Жануарлардың суды тұтынуы таңертеңгі (05:00-09:00), тұсқі (14:00-15:00) және кешкі (19:00) уақытта белсенділіктің шарықтау шегін көрсетті, бұл ауа температурасының ыстық жағдайында су балансының сақталуын көрсетеді. *Nepeta cataria* эфир майларына негізделген фитопрепаратты қолдану алғашқы екі аптада эктопаразиттерден қорғауда 100% тиімділікті көрсетті, әсері 15-20 күнге созылады. Зерттеу нәтижелері ұсынылып отырған жайылымдарды басқару жүйесі мен мал шаруашылығы өнімдерін жақсарту технологияларының тиімділігін раставиды.

Қорытынды. Зерттеу органикалық ет өндірісі кезінде цифрлық технологиялар элементтері бар жайылымдарды басқаруда автоматтандырылған технологиялардың тиімділігін, жануарлардың

денсаулығы мен өнімділігін жақсартудағы маңызын, сондай-ак су мен жем-шөп ресурстарын ұтымды пайдаланудың әлеуетін дәлелдеді.

Кілт сөздер: органикалық мал шаруашылығы; қазақтың ақбас түқымы; қоңдылық; жайылым; өндідеу; автоматизация.

Kіріспе

Органикалық ауыл шаруашылығы, сонымен қатар органикалық ет өндірісі – бұл табиғи процестермен үйлесімді жұмыс істейтін тұракты ауыл шаруашылығы жүйелерін құруға бағытталған біртұтас өндіріс жүйесі. Химиялық тыңайтқыштарды, пестицидтерді және генетикалық түрлендірілген ағзаларды (ГМО) кеңінен пайдаланатын кәдімгі ауыл шаруашылығынан айырмашылығы, органикалық егіншілік ауыспалы егіс, компост жасау, органикалық тыңайтқыштарды пайдалану және зиянкестермен биологиялық құресу сияқты экологиялық таза тәжірибелерге баса назар аударады [1].

Органикалық мал шаруашылығы органикалық ауыл шаруашылығының логикалық жалғасы болып табылады. Ол жануарларға адамгершілікпен қаруа, олардың табиғи қажеттіліктерін қамтамасыз ету және олардың сау өсуі мен дамуы үшін жағдай жасау принциптеріне негізделген. Органикалық мал шаруашылығында, сондай-ак органикалық ет өндірісі кезінде антибиотиктерді, өсу гормондарын және жануарлар мен адамдардың денсаулығына теріс әсер ететін басқа да препараттарды қолдануға тыйым салынады [2].

Органикалық етті мал шаруашылығы – органикалық ет және органикалық асыл түқымды материал (кашарлар, бұқалар және т.б.) алу үшін ірі қара мал өсіруге маманданған органикалық мал шаруашылығының бір бағыты. Органикалық етті мал шаруашылығы жануарларды ұстau жағдайларына, олардың рационына және өсіру әдістеріне ерекше талаптар кояды.

Етті органикалық мал шаруашылығындағы ең маңызды талаптарының бірі – еркін жайылым, мал жайылымда еркін жүріп, құн сәулесі мен таза ауа жеткілікті болуы керек.

Жануарларды азықтандыруға қойылатын талап қатаң ережелердің бірі болып табылады, сондықтан жануарлардың рационы тек егістікten бастап егін жинауга дейін химиялық тыңайтқыштар мен пестицидтерді қолданбай өсірілген органикалық азықтардан тұруы керек [3].

Органикалық етті мал шаруашылығына қойылатын маңызды талап – оның жынысына, жасына және физиологиялық жағдайына қарамастан жануарларға адамгершілікпен қаруа. Жануарлар бүкіл өмірлік циклі бойы күйзеліске және қатыгездікке ұшырамауы тиіс.

Органикалық ет өндірісінде антибиотиктерді және өсу гормондарын қолдануға толық тыйым салынады. Жануарларды емдеу үшін антибиотиктерді қолдануға ерекше жағдайлардаға ғана рұқсат етіледі (жануардың өлім қаупі бар немесе аурудан стресс болған жағдайларда), барлық басқа жағдайларда тек табиғи (биологиялық) әдістерді қолдану қажет.

Органикалық етті мал шаруашылығында, сондай-ак органикалық ет өндірісі барысында өнім сапасы мен экологиялық тазалықты қамтамасыз ету мақсатында генетикалық түрлендірілген организмдерді (ГТО) қолдануға қатаң шектеулер қойылады [4]. Осылан байланысты, өндірістік тиімділікті арттыруда табиғи ресурстарды, атап айтқанда жайылымдық алқаптарды ұтымды пайдалану ерекше мәнге ие болады. Бұл тұрғыда Н.А. Серекпаев және авторлар ұжымы жүргізген зерттеулерде органикалық мал шаруашылығы, сонымен қатар органикалық ет өндірісі жағдайында жайылымдық ресурстарды тиімді басқарудың ең нәтижелі тәсілі ретінде айналмалы (ротациялық) жайылым жүйесі ұсынылады. Зерттеушілер бұл әдіс ірі қара мал өсіруде жайылымның өнімділігін арттыруға және жер ресурстарын экологиялық тұрғыдан ұтымды пайдалануға мүмкіндік беретінін көрсетеді [5].

Етті бағытта өнімділікті ірі қара малды сумен қамтамасыз ету, ветеринарлық препараттармен өндідеу RSPCA welfare standards for beef cattle талаптарына сәйкес келуі керек.

Осылайша, органикалық ет өнімдерін өндірубарысында ірі қара малды сапалы әрі жеткілікті мөлшердегі сумен және қоректік құрамы жоғары жайылым шебімен қамтамасыз ету – өнімділікті арттыру мен жайылымдық жүйені тиімді ұйымдастырудың негізгі алғышарты болып табылады [6].

Сонымен қатар, Г.Т. Есжанова және авторлар тобының жүргізген ғылыми зерттеулерде құрамында эфир майлары бар табиғи негіздегі инсектицидтік репелленттердің жануарларға


сырттай қолданылуының қауіпсіздігі дәлелденген. Зерттеу нәтижелеріне сәйкес, препараттың 0,5%-дан 2%-га дейінгі концентрациясы малдың жалпы клиникалық жағдайына көрі етпей, теріде жергілікті тітіркену белгілерін тудырмаған. Алайда, ерітіндінің концентрациясы 5% және 10% деңгейіне жеткенде, жануарларда белгілі бір тері реакциялары байқалған: 5% ерітінді аздаған гиперемия мен ісінуді туындалатса, 10% концентрацияда қышыну, қызару және ісіну секілді айқын тітіркену белгілері тіркелген. Дегенмен, бұл құбылыстар уақытша сипатқа ие болып, 1-1,5 сағат аралығында өздігінен басылады [7].

Осыған орай, зерттеулердің мақсаты Солтүстік Қазақстан жағдайында органикалық ет өнімдерін өндірубарысында қазақтың ақбас сиырларын ақылды жайылымдарда цифрлық технологияларды қолдана отырып жайылымда ұстау әдіstemесін енгізу, суды пайдалану циклын зерттеу мен бақылау, сондай-ақ жайылымдағы малдың дene қоңдырығын анықтап, ветеринарлық препараттармен қауіпсіз өндеу болып табылады.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу жұмыстары 2023-2024 жылдары Солтүстік Қазақстан облысы, Аққайын ауданындағы «Солтүстік Қазақстан ауыл шаруашылық тәжірибе станциясы» (СҚ АШТС) ЖШС ($52^{\circ}12'45,0''N$, $69^{\circ}30'50,1''E$) жүргізілді. Зерттеу объектісі – даалалық аймақтың жайылымдары мен қазақтың ақбас сиырларының табыны. Тәжірибе жүргізу үшін 70 га жайылымдық жер бөлініп, ол әрқайсысы 10 га тұратын 7 участке ге бөлінді және күн батареяларымен жұмыс істейтін электр қоршаулармен қоршалды. Әр участке жеке суатқа апаратын жолмен жабдықталды.

Жануарлар участекелерге кезекпен жіберілді, әрқайсысы жеке қоршалған аймақ ретінде болды. Суару үшін құдықсу құбырына қосылған автоматтандырылған суат қолданылды. Су ұнғымалардан (35-100 м терендейдік) алынды, ал ең алыс жайылым нұктесі суаттан 1 км қашықтықта орналасты. Жануарларды суару суаттарға еркін кіру арқылы жүзеге асырылды, сиырлар жайылымнан суатқа өздігінен келді. Тәжірибе кезінде жануарларға көлеңке жеткіліксіз болды, олар 3 м ұзындықтағы металл суаттан суды жеңіл тұтына алды. Ирі қара малдың су тұтынуы қоректік заттар мөлшеріне, ауа температурасына және басқа экологиялық факторларға тәуелді болды.



1-сурет – Участекелерді орналастырудың жобалық сұлбасы

Жайылымдық жерлердің шекараларын анықтау үшін цифрлық карталар, картографиялық деректер және Мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесі (МЖК ААЖ) қолданылды. Участекелердің координаттары С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық

зерттеу университетінің (С.Сейфуллин ат. ҚАТЗУ) Геоакпараттық жүйелер орталығында картага түсірілді. Спутниктік бейнeler QGIS және ArcGIS арқылы өндөліп, шекаралар Garmin Montana 610 GPS навигаторы арқылы GPS/GLONASS деректерімен нақтыланды. Осы негізде қазақтың ақбас тұқымды 100 бас ірі қарасына арналған жайылым аумағы мен пайдалану мерзімі есептелді.

Жайылым маусымының басында және соңында участкерлерде өсімдіктердің ботаникалық кұрамы, жамылғысы, биіктігі мен өнімділігі бойынша бақылаулар жүргізілді. Жайылым жүктемесін анықтауда мына формулалар қолданылды:

1 бас малға шаққандағы нақты жүктеме (Π , га):

$$\Pi = \frac{A}{B} \quad (1)$$

мұндағы: A – жайылым маусымындағы малдың азыққа қажеттілігі, B – жайылымның өнімділігі.

1 га жайылымға түсетін жүктеме (H , бас):

$$H = (E) = \frac{y}{K \cdot D} \quad (2)$$

мұндағы: Y – жайылымның өнімділігі (кг немесе азық өлшемі), K – 1 бас малдың тәуліктік азық қажеттілігі (кг немесе азық өлшемі), D – жайылымды пайдалану ұзақтығы (күн) [5].

Жайылым өнімділігіндегі жыл сайынғы ауытқулар ескеріліп, 10–20% резервтік аумақ қарастырылды. Ирі қараның тәуліктік азыққа қажеттілігі – 29 кг. Жалпы азық қоры (ЖАҚ) былай есептелді: $ЖАҚ = S \times U$, ал нақты қор (НАҚ): $НАҚ = ЖАҚ \times K_c$. Тәуліктік қажеттілік (P): $P = TH \times MBC$ [8].

С.Сейфуллин ат. ҚАТЗУ ғалымдары әзірлеген малдардың суатқа келуін бақылау жүйесі «СК АШТС» ЖШС-де сынақтан өтті. Жануарларды автоматты түрде тану және есепке алу үшін платформада ультра жоғары жийлік (UHF) радиожиілікті сәйкестендіру жүйесі (RFID) қолданылып, қозғалысы мен белсенділігі нақты уақыт режимінде тіркелді. Бұл жүйе 2023 жылғы 24 қарашадағы №8658 патентпен қорғалған [9].

Жүйе 24/7 режимде жұмыс істеп, су ішү үақыты мен ұзақтығын, ветеринарлық өндеулер мен RFID сырға нөмірлерін, сондай-ақ басқа да параметрлерді тіркеуге мүмкіндік береді (2-сурет).



2-сурет – Жайылымда орнатылған өндеу функциясы бар сегіз автоматты стресссіз өлшеу платформасы

Зерттеу барысында қоршаган ортандың температурасы (T_a) мен салыстырмалы ылғалдылық (RH) әр сағат сайын тіркеліп, күн сайынғы орташа мәндері есептелді. Температура мен ылғалдылық индексі (THI) келесі формула арқылы анықталды:

$$THI = T_a - (0,55 - 0,0055 \times RH) \times (T_a - 58) \quad (3)$$

мұндағы: T_a – температура ($^{\circ}\text{C}$); RH – салыстырмалы ылғалдылық % [10].

Деректер SQL сұраулары арқылы өндөліп, талдауга дайындалды. Есептеу мен визуализация Microsoft Excel бағдарламасы арқылы жүзеге асырылды.

Мәліметтер күн сайын RFID сырғалар арқылы автоматтандырылған жүйеде тіркеліп отырды. Бұл сырғалар Қазақстанда қолданылатын ұлттық сәйкестендіру номірлеріне (KZ-сыргалар) сәйкес келеді [11].

Жайылымның азықтық әлеуеті мен қоректілігін бағалау үшін сиырлар мен екі жастан асқан құнажындардың дене қоңдылығы күйі (BCS) визуалды әдіспен анықталды. BCS – малдың май мен бұлшықет қорының деңгейін сипаттайтын және етті мал шаруашылығын басқаруда маңызды индикатор болып саналатын көрсеткіш.

Ол 1-ден (өте арық) 9-ға (өте семіз) дейінгі шкала бойынша бағаланды. 1-4 балл: арық, май қабаты жок, сүйек құрылымы айқын; 5-7 балл: оңтайлы қоңдылық, май мен бұлшықет жақсы жетілген; 8-9 балл: семіз, май қабаты жамбаста және құйрық түбінде байқалады.

Месқарынның толуы немесе буаздық жағдайы 5-7 балдық сиырлардың сыртқы пішініне, әсіресе қабырға мен сербек аймағының көрінісіне әсер етуі мүмкін [12].

Жануарлардың салмақ динамикасын және азық тиімділігін талдау үшін уақыт қатарларының авторегрессиялық (AR) модельдері, жылжымалы орташа мәндер (MA) және сызықтық трендтік жуықтаулар қолданылды.

Нәтижелер және талқылау

Жайылымдардағы топырақ жамылғысының жағдайы қараширік пен фосфордың сарқылуымен, азоттың қалыпты мөлшерімен, метаболикалық калийдің едәуір қорымен, орташа тығыздалуымен және бейтарап рН-мен сипатталады.

Жайылымдағы өсімдіктердің алуан түрлілігі аурулар мен зиянкестерге төзімділікті қамтамасыз етеді, сонымен қатар ресурстарды тиімді пайдалануға септігін тигізеді. Өсімдіктердің дұрыс құрамы жайылымдардың сапасын жақсартады, азық құндылығын арттырады және биоәртүрлілікті сақтайды, бұл өз кезеңінде малдың өнімділігіне және табиғи ресурстарды сақтауға оң әсер етеді [13].

Зерттеулердің жүргізу кезеңі 2024 жыл және жыл мезгілдері бойынша участкердегі жайылымдық өсімдіктердің түрлік құрамының өзгеру динамикасын есепке алу негізінен жылдың қалыптасқан аяу райына, жердің ылғалдылығы мен топырақ жамылғысының жағдайларына байланысты болды.

1-кестеде жайылым кезеңіндегі тексерілетін түрлердің вегетациялық кезеңдері (гүлдеу және жеміс беру түрлері бойынша) деректері көрсетілген.

1-кесте – Жайылымдық аумақта әртүрлі вегетациялық кезеңдердегі өсімдіктердің түрлік құрамы жыл мезгілдері бойынша, орташа есеппен 2024 ж.

№	Жайылым кезеңінде вегетациялық кезеңдер (қарқынды гүлдену және жеміс беру)	Түрлер саны	Түрлердің жалпы саны, %
1	Барлығы, соның ішінде	35	100
2	Көктемгі (өте ерте)	15	42,9
3	Жазғы (ерте, орта, кеш)	29	57,1
	Күзгі (эфемероидтар, кеш)	15	42,9

Жайылымда бүкіл кезең бойында өсімдіктердің 35 түрі тіркелді. Көктем мезгілінде гүлдену және жеміс беру фазасында 15 түр болды, бұл жалпы түрлердің 42,9% немесе шамамен жартысына жуығын құрады. Жаз мезгілі – барлық түрлердің жартысынан астамы есептін, өсімдік алуандығы ең жоғары кезең болып анықталды. Бұл жаз мезгілінде өсімдіктердің өсуі мен кебеюі үшін жағдайдың ең қолайлы екенін көрсетеді. Күзгі кезең түрлердің саны бойынша көктемгі кезеңге ұқсас, бұл кеш гүлденуге бейімделген белгілі бір өсімдіктердің болуын болжайды.

Жайылымдарды пайдалануды оңтайландыру және жайылымды басқару үшін жануарлардың саны, оларды күтіп-бағу нормалары, қол жетімді азық көлемі мен малдың қажеттіліктері арасында сандық байланыс орнату қажет. Жайылымдардың сыйымдылығы мен нормалары жайылымдық

жерлердің өнімділігі мен мал шаруашылығының экономикалық тиімділігін анықтайтын маңызды факторлар болып табылады. Құргақшылық аймақтарда малдың тығыздығы қолда бар азық көлеміне бейімделуі керек. Жануарлар санының көбеюі жайылымдарга шамадан тыс жүктеме мен өсімдік жамылғысының сапасының төмендеуіне әкеледі. Жайылымды тиімді үйымдастыру деградацияның алдын алу және жайылымдық экожүйелердің ұзак мерзімді тұрақтылығын қамтамасыз ету құралы болып табылады. Біздің зерттеулеріміз барысында жүктемені алдын ала есептеуге негізделген ротациялық жайылым жүйесін қолдану малдың қондылығын төмендетпей жайылымдарға теріс етуді болдырмауга мүмкіндік берді. Мал жаюды үткімді үйымдастыру жайылымдарды сақтауға, соның ішінде малдың суаттардан және тік беткейлерде өткізетін уақытын қысқартуға ықпал етеді [14]. Деректерді жинау мен өндөудің нәтижесі әр жайылымға ариналған жайылым кестесі болды (2-кесте).

2-кесте – Малдарды ауыспалы жаю үшін жайылымдық аумақтарды пайдалану мерзімдері, орташа 2024 ж.

Пайдалану кезеңдері	Жайылым аумағының участкелері						
	1	2	3	4	5	6	7
10V-23V	B1						
24V-06VI		B1					
07VI-20VI			B1				
21VI-04VII				B1			
05VII-18VII					B1		
19VII-01VIII						B1	
02VIII-15VIII							B1
	демалыс						
16VIII-29VIII		B2					
30VIII-04IX			B2				
05IX-18IX				B2			
19IX-02X					B2		
03X-16X						B2	
							демалыс

Ескерту: B1, B2 – жайылымдық аумақтың участкелерінде мал жаю реттілігі

Ұсынылып отырған жайылымдық пайдалануды үйымдастыру аумакты 7 участкеге бөлуді көздейді, оларды пайдалану жайылымдық кезең ішінде (10 мамыр–16 қазан) қатарынан екі циклге жүзеге асырылады: бірінші (10 мамыр–15 тамыз) және екінші (16 тамыз–16 қазан). Осы сұлба негізінде әр участкеге түсетін жайылым жүктемесі есептеліп, 1 шартты бас малға шаққанда нақты жүктеме 292 кг құрғақ затты, ал 1 га шаққан кезде 3,34 бас малды құрады. Көрсетілген циклдар арасындағы аралықта бірінші участке өсімдік жамылғысын қалпына келтіру мақсатында жайылым айналымынан шығарылады.

Жайылым участкелерін циклдік пайдалану өсімдік жамылғысының қалпына келуіне мүмкіндік беріп, жануарлардың табиғи мінез-құлқы мен су тұтыну жиілігінің маусымдық өзгерістеріне сәйкес үйымдастырылды. Шілде мен тамыз айының ыстық күндері олар су ішуге күніне үш рет келсе, қыркүйек пен қазан айының салқын күндерінде бұл қажеттілік екі рет туындалады. Жануарлар суга баяу жақыннады, ал суатта ешқандай қысым байқалмады. Су ішіп болғаннан кейін олар 1,5-2 сағ. суаттың қасында тынықты және осы уақыт ішінде бұзаулар, сақа жануарлардан аласа тоқсауылмен бөлінген аумақта, құнарлы азықпен еркін азықтанды.

Жайылымдардың азықпен және қоректік заттармен қамтамасыз етілу мүмкіндігін анықтау үшін сиырлар мен екі жастан асқан құнажындардың дene бітімінің қондылығы (BCS) бағаланды.

Етті мал шаруашылығындағы шығындарды тиімді басқару фермерлерден өз табынының жай-күйін білуді талап етеді. Зерттеулер көрсеткендей, етті сиырлардың қондылығы ұрықтануға,


сервис кезеңіне, төлдеу аралығына және сүт өндіруге әсер ететін негізгі фактор болып табылады. Төмен BCS (<4) репродуктивті функцияның төмендеуімен және ауру қаупінің жоғарылауымен байланысты. BCS 1 болатын сиырлар азықтандыруға, бағып-кутуге және ветеринарлық қадағалауға дереу араласуды қажет етеді. Семіз BCS (8-9) азықты артық тұтынуға әкеледі, ал мұндай BCS бар 2 жасар құнажындарда дистоция қаупі артады [13]. 3-кестеде сиырлар мен 2 жасар құнажындардың арық және семіз қондылығына байланысты өндірістік проблемалар туралы ақпарат берілген.

3-кесте – Дене бітімінің арық немесе семіз күйіне қатысты проблемалары

Арық күйлі (BCS - 1-4)	Семіз күйлі (BCS - 8-9)
1. Циклдың тоқтауы	1. Күтіп-бағу қымбаттылығы
2. Ұрықтанбай қалу	2. Дистония жоғарылығы
3. Ұзартылған төлдеу аралығы	3. Іс-кимылдың бұзылуы
4. Қүйлеуге дейін құннің ұзаруы	4. Циклдың тоқтауы
5. Бұзау күшінің төмендеуі	5. Ұрықтанбай қалу

Таза бұзау өнімділігінің төмендеуі негізінен сиырлардың көбеюіндегі проблемаларға байланысты. Атап айтқанда, дене қондылығы 4 балл немесе одан төмен сиырлар ұрықтандыру деңгейінің күрт төмендеуін көрсетеді. Буаздылық деңгейі, сиыр дене бітімінің күйі және «сиыр-бұзау» кәсіпорынның шығынсыз құны арасындағы байланысты түсіну тиімді басқару шешімдерін қабылдау үшін өте маңызды [15].

2024 жылдың шілде-қазан айлары аралығында «ақылды» жайылымдарда 84 сиыр мен екі жастан асқан 11 құнажындардың қондылығын көзben бағаладық (3-суретте графикалық түрде көрсетілген).



3-сурет – Сиырлар мен 2 жастан асқан құнажындардың қондылығы


3-суретте келтірілген мәліметтерге сәйкес, «ақылды» жайылымдарда ұсталған сиырлар мен екі жастан асқан құнажындардың қондылығы 5-7 балл аралығында болды. Кезең ішінде 7 балды (24-тен 10-ға дейін) жануарлар санының азауы, өсімдіктер дамыған сайын, жайылымдағы ірі азық үлесінің артуына байланысты болуы мүмкін. Сонымен бірге, 5 балмен (5-тен 28-ге дейін) жануарлар санының өсуі және 6 балмен (52-ден 71-ге дейін) мал санының ауытқуы байқалды.

Етті сиырлар негізінен жайылымдық өндіріс жүйесіне байланысты климаттық әсерге тікелей ұшырайды, бұл сиырларды көктемде және жазда жылулық стреске ұшыратады.

Қоршаган ортаның температурасы және салыстырмалы ылғалдылық жануарлар денсаулығына әсерін бірге анықтайтын факторлар болып табылады. Екі фактордың қосындысы температура ылғалдылығының индексін (THI) анықтайды. 78-ден жоғары деңгейде етті сиырлар термореттеу механизмдерін пайдаланып қалыпты дene температурасын сақтай алмайды.

Көректика заттардың зат алмасуы кезінде жылу бөлінеді, ал жылы климат жағдайында бұл жылу организмнің термобейтараптылғын сақтау үшін физиологиялық үдерістер арқылы таралуы керек. Етті сиырлар қоршаган ортаның температурасы 5-25 °C дейін болған кезде жайлылық аймағында болады. 26 °C немесе одан жоғары температурада жануарлардың термореттегіштік қабілеті бұзылып, оларда жылу стресі басталады. Бұл жағдайды жеңу үшін физиологиялық механизмдер жұмыс істей бастайды, мысалы, құрғақ заттарды тұтынуды азайту және зат алмасу үдерісінде жылу өндірісін азайту. NRC мәліметтері бойынша, қоршаган орта температурасы 40 °C болғанда, құрғақ затты тұтыну 40% төмендейді.

Ауыз су етті мал үшін ең маңызды қоректика зат болып қана қоймайды, сонымен қатар жылудың таралуына ықпал ететін жоғары жылу беру қабілетіне ие (4-сурет) [16].



4-сурет – Уақыт бойынша суару саны

Суреттен көріп отырғанымыздай, «ақылды» жайылымдардағы жануарлар таңертен, 5:00-ден 9:00-ге дейін; тұсқі 14:00-15:00 және кешкі 19:00 суды белсенді пайдаланды. Осылайша, таңертен суды белсенді ішу жануарларға тұнгі тынығудан кейінгі сұйықтық корын қалпына келтіруге және су-электролиттік тепе-тендікті сақтауға көмектеседі. Тұсқі уақытта ауа температурасы 26 °C-тан жоғары көтеріледі және жануарлар кешке су ішіп, құндізгі ыстық пен тер бөлу нәтижесінде жоғалған сұйықтықтың орнын толтырады. Кешке ауа температурасы төмендеуі мүмкін, бұл кезде ағза қалпына келу үдерісін бастайды.

Су тұтыну белсенділігі жануарлардың топталып келуін қамтамасыз етіп, осы кезеңде ветеринарлық препараттармен өндеуді тиімді жүргізуге мүмкіндік береді. Жануарларды сыртқы өндеу теріні бұрку әдісімен биологиялық препаратты қолдану арқылы жүзеге асырылды. Жайылымдық жағдайда белсенді заттың 0,2% концентрациясы бар жұмыс ерітіндісі қолданылды. Жұмыс ерітіндісі концентрацияланған инсектоакарицидтік препаратты сумен сұйылту арқылы алынды (10 л суға 500 мл 5% ерітінді).

Жануарларды өндеу үшін 5% сулы препаратын (10 л суға 0,5 л ерітінді) сұйылту арқылы алынған жұмыс ерітіндісі қолданылды. Бір жануарға шаққандағы шығын орта есеппен 500 ± 100 мл болды. Суару кезінде іске қосылатын бұрку жүйесі (орташа ұзақтығы 60 ± 10), 3 бүріккіш арқылы $150-200$ мл жұмыс ерітіндісінің малға бір уақытта жетуін қамтамасыз етеді. Суатқа күніне үш рет барған кезде жануар жұн жамылғысына 450-600 мл ерітінді алады [7].

Автоматтандырылған құрылғы қолданатын инсектицидтің корғаныс әрекетінің ұзактығы әр апта сайын өндеуден кейін бағаланды (5-кесте).

5-кесте – Құрамында *Nepeta cataria* эфир майлары бар инсектицидтік фитопрепаратпен емдеудің тиімділігі

Эктопаразиттардың түрлері	Молдық индексі (Ио) экз			Кездесушілік индексі (Ив) %		
	7 күннен кейін	14 күннен кейін	21 күннен кейін	7 күннен кейін	14 күннен кейін	21 күннен кейін
Жайылымдық шыбындар <i>Musca sp.</i> (дала шыбыны, көз шыбыны)	0	0	0,4	0	0	5
Қан соратын масалар: <i>Culex spp.</i>	0	0	0,4	0	0	11,6
Шіркей <i>Simulium spp.</i>	0	0	0	0	0	0
Сона: <i>Tabanus spp.</i>	0	0	0,5	0	0	12
Жүнжегі <i>Bovicola bovis</i>	0	0	0	0	0	0
Жөлек кене: <i>Dermacentor reticulatus</i>	0	0	0,1	0	0	2,5

5-кестеге сәйкес, ірі қара малды эктопаразиттерден қорғау үшін *Nepeta cataria* эфир майына негізделген фитопрепаратты автоматтандырылған қолдану емдеуден кейін алғашқы екі аптада 100% тиімді болды және оның тиімділігі кемінде 15-20 күн сақталды. Кейбір эктопаразиттер жануарларды емдеудің 21-ші күні ғана пайда болды.

Қорытынды

Жайылымда зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында өсімдіктердің 35 түрі анықталды, жаз мезгілінде (29 немесе 57,1%) өсімдік түрлерінің ең үлкен әртүрлілігі байқалса, ал көктем және күз мезгілдерінде (15 немесе 42,9%) өсімдік түрлері кездеседі. Жайылымды 7 участкеге бөліп, оны екі кезеңмен пайдалану негізінде ұйымдастырылған айналым жүйесі жайылымдық аумақты теңгерімді пайдалануға мүмкіндік беріп, өсімдіктердің қалпына келуіне жеткілікті уақыт болу мен жайылым жүктемесін тиімді бақылауды қамтамасыз етеді. «Ақылды» жайылымдардағы ірі қара малдың қондылығын талдау оның жайылым кезеңінде 5-7 балл аралығында ауытқуын көрсетті, бұл жайылымдағы азық құрылымына байланысты болды. Кезең барысында 7 баллдық қондылықтағы мал саны 24-тен 10-ға дейін азайған, бұл өсімдіктердің дамуына байланысты жайылымда ірі азық үлесінің артуымен түсіндіріледі. Сонымен қатар, 5 баллмен бағаланған мал саны 5-тен 28-ге дейін артқан, ал 6 баллмен бағаланған мал саны 52 мен 71 аралығында өзгерген. «Ақылды» жайылымдардағы жануарлар физиологиялық қажеттіліктер мен температура режиміне байланысты таңертең (05:00-09:00), түскі (14:00-15:00) және кешкі (19:00) суды тұтынудың шыңын көрсетті, бұл олардың термореттеу мен азық қорыту процестерін қолдайтын табиги бейімделуінің көрінісі болып табылады. Таңертең және кешке температураның төмендеуі кезінде суды көп тұтыну - организмдегі су теңгерімін қалпына келтіруге, ал түскі уақытта - ыстық ауа райынан туындаған сусыздандуды өтеуге бағытталған. *Nepeta cataria* негізіндегі фитопрепаратты автоматтандырылған қолдану өндеуден кейін 7-14 күн ішінде ірі қара малды эктопаразиттерден қорғауда жоғары тиімділікті (100%) көрсетті.

Авторлардың қосқан үлесі

АБ: тақырыпқа қатысты әдебиеттер мен деректерді зертте, қолжазбаның жобасын жасады. УР, СН: қолжазбаны зерттеу мен түзетудің ғылыми тұжырымдамасын негіздеді. ШК: статистикалық талдау жүргізіп, қолжазба дайындағы. ЕГ, ЛА: зерттеу жүргізіп, қолжазбаның жобасын жасады. МА: зерттеу және биоинформатикаға талдау жүргізді. Барлық авторлар қолжазбаның соңғы нұсқасын оқып, мақұлдады.

Қаржыландыру туралы акпарат

Зерттеу Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің 2023-2025 жылдарға арналған «Ауыл шаруашылығы өнімдерін органикалық өндіру мен қайта өндеудің жаңа технологияларын әзірлеу» бағдарламалық-нысаналы қаржыландырудың ғылыми-техникалық бағдарламасын іске асыру шенберінде жүзеге асырылды (ИРН BR21882327).

Әдебиеттер тізімі

- 1 Лыжин, ДН. (2016). Органическое сельское хозяйство в контексте стратегии зелёного роста. *Биоэкономика и экобиополитика*, 1(2), 9-16.
- 2 Коноваленко, ЛЮ, Мишуров, НП, Гриднев, ПИ, Коршунов, СА, Любоведская АА. (2011). *Органическое животноводство: опыт и перспективы развития: Аналитический обзор*. М.: «Росинформагротех», 88.
- 3 Насатуев, БД. (2022). *Органическое животноводство: учебное пособие*. СПб.: Издательство «Лань», 2-изд., доп., 192.
- 4 Марусич, АГ. (2022). *Органическое животноводство. Курс лекций: учебно-методическое пособие*. Горки: БГСХА, 276.
- 5 Серекпаев, НА, Ногаев, АА, Муханов, НК, Усценов, РБ. (2025). Ротационный выпас как инструмент устойчивого управления пастбищами в контексте органического животноводства. *3i: intellect, idea, innovation - интеллект, идея, инновация*, 1, 200-208.
- 6 Караматов, ОО. (2021). Формирование и развитие рынка органической сельскохозяйственной продукции в Казахстане и республиках Центральной Азии. *Наука и инновационное развитие*, 2, 10-20.
- 7 Можаев, НИ. (2013). *Программирование урожаев сельскохозяйственных культур*. Астана: Фолиант, 160.
- 8 Mirmanov, A., Alimbayev, A., Baiguanysh, S., Nabiev, N., Sharipov, A., Kokcholokov, A., Caratelli, D. (2021). Development of an IoT Platform for Stress-Free Monitoring of Cattle Productivity in Precision Animal Husbandry. *Advances in Science. Technology and Engineering Systems Journal*, 6(1), 501-508. DOI: 10.25046/aj060155.
- 9 Shane, D., Terry, LM, Wanda, C. (2001). Managing Heat Stress in Feedlot Cattle Using Sprinklers. *UNL – Nebraska Beef Cattle Reports*, 77-81.
- 10 Uskenov, R., Mirmanov, A., Tretyakov, I., Bostanova, S. (2023). Automatic cattle weighing on pastures with behavioral analysis during drinking. *Journal of Animal Behaviour and Biometeorology*, 11(3), 2023020. DOI:10.31893/jabb.23020.
- 11 Jaborek, J. (2024). *Body condition scoring for beef cattle*. Michigan State University Extension. <https://www.canr.msu.edu/beef/production/>
- 12 Aiken, GE. (2016). Invited Review: Grazing management options in meeting objectives of grazing experiments. *The Professional Animal Scientist*, 32, 1-9. DOI:10.15232/pas.2015-01406.
- 13 Deng, L., Sweeney, S., Shangguan, ZP. (2014). Grassland Responses to Grazing Disturbance: Plant Diversity Changes with Grazing Intensity in a Desert Steppe. *Grass and Forage Science*, 69, 524–533. DOI:10.1111/gfs.12065.
- 14 Смирнова, ВВ. (2023). Сочетание цифровых технологий и органического производства в специализированном мясном скотоводстве. *Аграрный Вестник Урала*, 8(237), 101-112.
- 15 González Pereyra, AV, Maldonado May, V., Guillermo Catracchia, C., Herrero, MA, Celina Flores, M., Mazzini, M. (2010). Influence of water temperature and heat stress on drinking water intake in dairy cows. *Chilean journal of agricultural research*, 70(2), 328-336.
- 16 Есжанова, ГТ, Лидер, ЛА, Усценов, РБ, Бостанова, СК, Мамытбекова, ГК, Есимханов, МБ. (2024). Влияние препарата, содержащего эфирные масла перета cataria, на клинические показатели здоровья животных. *Научно-практический журнал «Ғылым және білім»*, 3-1(76), 32-41.

References

- 1 Lyzhin, DN. (2016). Organicheskoe sel'skoe hozyajstvo v kontekste strategii zelyonogo rosta. *Bioekonomika i ekobiopolitika*, 1(2), 9-16.
- 2 Konovalenko, LYU, Mishurov, NP, Gridnev, PI, Korshunov, SA, Lyubovedskaya, AA. (2011). *Organicheskoe zhivotnovodstvo: opyt i perspektivyrazvitiya: Analiticheskii obzor*. M.: Rosinformagrotekh, 88.
- 3 Nasatuev, BD. (2022) *Organicheskoe zhivotnovodstvo. Uchebnoe posobie*. SPb.: Izdatel'stvo «Lan'», 2-izd., dop., 192.

- 4 Marusich, AG. (2022). *Organicheskoe zhivotnovodstvo. Kurs lekciy: uchebno-metodicheskoe posobie.* Gorki: BGSKHA, 276.
- 5 Karamatov, OO. (2021). Formirovanie i razvitiye rynka organicheskoi sel'skohozyajstvennoi produktsii v Kazahstane i respublikah central'noi Azii. *Nauka i innovacionnoe razvitiye*, 2, 10-20.
- 6 Serekpaev, NA, Nogaev, AA, Muhanov, NK, Uskenov, RB. (2025). Rotacionnyj vypas kak instrument ustojchivogo upravleniya pastbishchami v kontekste organicheskogo zhivotnovodstva. 3i: intellect, idea, innovation - intellekt, ideya, innovaciya, 1, 200-208.
- 7 Eszhanova, GT, Lider, LA, Uskenov, RB, Bostanova, SK, Mamytbekova, GK, Esimhanov, MB. (2024). Vliyanie preparata, soderzhashchego efirnye masla nepeta cataria, na klinicheskie pokazateli zdorov'ya zhivotnyh. *Nauchno-prakticheskii zhurnal «Gylym jáne bilim»*, 3-(76), 32-41.
- 8 Mozhaev, NI. (2013). Programmirovaniye urozhaev sel'skohozyaistvennyh kul'tur. Astana: Foliant, 160.
- 9 Mirmanov, A., Alimbayev, A., Baiguanysh, S., Nabiev, N., Sharipov, A., Kokcholokov, A., Caratelli, D. (2021). Development of an IoT Platform for Stress-Free Monitoring of Cattle Productivity in Precision Animal Husbandry. *Advances in Science. Technology and Engineering Systems Journal*, 6(1), 501-508. DOI: 10.25046/aj060155.
- 10 Shane, D. Terry, LM, Wanda, C. (2001). Managing Heat Stress in Feedlot Cattle Using Sprinklers, UNL – *Nebraska Beef Cattle Reports*, 77-81.
- 11 Uskenov, R., Mirmanov, A., Tretyakov, I., Bostanova, S. (2023). Automatic cattle weighing on pastures with behavioral analysis during drinking. *Journal of Animal Behaviour and Biometeorology*, 11(3), 2023020.
- 12 Jaborek, J. (2024). *Body condition scoring for beef cattle.* Michigan State University Extension. <https://www.canr.msu.edu/beef/production/>
- 13 Aiken, GE. (2016). Invited Review: Grazing management options in meeting objectives of grazing experiments. *The Professional Animal Scientist*, 32, 1-9. DOI:10.15232/pas.2015-01406.
- 14 Deng, L., Sweeney, S., Shangguan, ZP. (2014). Grassland Responses to Grazing Disturbance: Plant Diversity Changes with Grazing Intensity in a Desert Steppe. *Grass and Forage Science*, 69, 524–533. DOI:10.1111/gfs.12065.
- 15 Smirnova, VV. (2023). Sochetanie cifrovyyh tekhnologij i organicheskogo proizvodstva v specializirovannom myasnom skotovodstve. *Agrarnyi Vestnik Urala*, 8(237), 101-112.
- 16 González Pereyra, AV, Maldonado May, V., Guillermo Catracchia, C., Herrero, MA, Celina Flores, M., Mazzini, M. (2010). Influence of water temperature and heat stress on drinking water intake in dairy cows. *Chilean journal of agricultural research*, 70(2), 328-336.

Технология пастбищного животноводства, оснащённая цифровыми элементами в условиях органического мясного производства

Арын Б.Е., Усекенов Р.Б., Бостанова С.К., Шайкенова К.Х., Серекпаев Н.А., Мирманов А.Б.,
Лидер Л.А., Есжанова Г.Т.

Аннотация

Предпосылки и цель. Развитие цифровых технологий – таких как датчики, системы мониторинга, анализ данных и автоматизация – в сфере органического мясного производства открыло новые возможности для эффективного управления животноводством, включая пастбищные системы. Указанные инновационные решения играют значимую роль в повышении экономической результативности органического производства. Целью настоящего исследования является обоснование повышения эффективности пастбищных систем за счёт внедрения цифровых технологий в животноводстве, а также формирование теоретических основ производства органической продукции.

Материалы и методы. Исследование проводилось на базе ТОО «Северо-Казахстанская сельскохозяйственная опытная станция» Аккайынского района Северо-Казахстанской области. Объекты-пастбища степной зоны и крупный рогатый скот казахской белоголовой породы. Пастбище площадью 70 га было разделено на 7 загонов (по 10 га каждый) и размещено в форме

лепестка. Система орошения была централизована, а автоматическая платформа на основе RFID использовалась для регистрации прибытия животных в воду. Были зарегистрированы время питья, продолжительность и данные ветеринарной обработки. Качество пастбища определялось посредством оценки упитанности коров и нетелей по 9-балльной шкале (body condition score – далее BCS).

Результаты. На пастбищах было идентифицировано 35 видов растений, разнообразие которых было высоким летом. Использование долот в два цикла обеспечило устойчивость растительности. Показатель BCS у большинства составлял от 5 до 7 баллов; это зависит от качества пастбищных кормов. Наблюдение за потреблением воды животными показало пик активности в утренние (05:00-09:00), полуденные (14:00-15:00) и вечерние (19:00) часы, что свидетельствует о поддержании водного баланса в жарких условиях температуры воздуха применение фитопрепарата на основе эфирных масел *Nepeta cataria* показало 100% эффективность в защите от эктопаразитов в первые две недели, эффект длится 15-20 дней. Результаты исследования подтверждают эффективность предлагаемой системы управления пастбищами и технологий улучшения животноводческой продукции..

Заключение. Исследование подтвердило эффективность автоматизированных технологий в управлении пастбищами с элементами цифровых решений при производстве органического мяса, их значимость для улучшения здоровья и продуктивности животных, а также потенциал рационального использования водных и кормовых ресурсов.

Ключевые слова: органическое животноводство; казахская белоголовая порода; упитанность; пастбища; обработка; автоматизация.

Pasture-based livestock technology equipped with digital elements in organic meat production

Bexultan E. Aryn, Rashit B. Uskenov, Saule K. Bostanova, Kymbat H. Shaikenova, Nurlan A. Serekpaev, Arman B. Mirmanov, Lyudmila A. Lider, Gulzhan T. Yeszhanova

Abstract

Background and Aim. The advancement of digital technologies – including sensors, monitoring systems, data analysis, and automation – within the field of organic meat production has created new opportunities for the effective management of livestock, particularly in pasture-based systems. These innovative solutions play a significant role in enhancing the economic efficiency of organic production. The aim of this study is to substantiate the improvement of pasture system efficiency through the implementation of digital technologies in livestock farming, as well as to establish the theoretical foundations for organic product development.

Materials and Methods. The study was conducted on the basis of «North Kazakhstan Agricultural Experimental Station» LLP in Akkaiyn District, North Kazakhstan region. The objects are pastures of the steppe zone and cattle of the Kazakh white-headed breed. 70 hectares of pasture were divided into 7 paddocks (10 hectares each) and arranged in a petal-shaped structure. The irrigation system was centralized and an RFID-based automatic platform was used to record the arrival of animals to the watershed. Data on the time, duration of drinking water and veterinary treatment were recorded. The quality of pastures was determined by assessing the body condition score (BCS) of cows and heifers on a 9-point scale.

Results. 35 plant species were identified in the pasture, the diversity of which was high during the summer. The use of paddocks in two grazing cycles ensured the stability of the vegetation cover. The BCS score was in the range of 5-7 points for most; this is dependent on the quality of pasture feed. Monitoring the water consumption of animals showed a peak of activity in the morning (05:00-09:00), noon (14:00-15:00) and evening (19:00), which indicates the preservation of water balance in hot conditions of air temperature the use of phytopreparations based on *Nepeta cataria* essential oils showed 100% effectiveness in protecting against ectoparasites in the first two weeks, the effect lasts 15-20 days. The results of the study confirm the effectiveness of the proposed pasture management system and technologies for improving livestock products.

Conclusion. The study proved the effectiveness of automated technologies in pasture management, their importance in improving animal health and productivity, as well as the potential for rational use of water and feed resources

Keywords: organic animal husbandry; Kazakh white-headed breed; body condition scoring; pastures; processing; automation.

Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінің Фылым жаршысы: пәнарлыш = Вестник науки Казахского агротехнического исследовательского университета имени Сакена Сейфуллина: междисциплинарный. – Астана: С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті, 2025. -№ 2/1 (126). - Р.100-113. - ISSN 2710-3757, ISSN 2079-939X

[doi.org/ 10.51452/kazatu.2025.2/1\(126\).1970](https://doi.org/10.51452/kazatu.2025.2/1(126).1970)

ӘОЖ 631.147(045).006.1

Исследовательская статья

Органикалық өнімнің өндірісі мен айналымы саласындағы стандарттардың ғылыми-техникалық деңгейін талдау

Булашев Б.К. , Ибжанова А.А. , Муратов А.А. 

Қазақстан органикалық өндірушілер одағы, Астана, Қазақстан

Автор-корреспондент: Ибжанова А.А.: ibzhanova83@mail.ru

Бірлескен авторлар: (1: БК) berdibek_aruzhan@mail.ru; (2: АА) askar.muratov.55@mail.ru

Қабылданған күні: 26-05-2025 **Қабылданды:** 23-06-2025 **Жарияланды:** 05-07-2025

Түйін

Алғышарттар мен мақсат. Мақалада органикалық өнімдерді өндіру, сертификаттау және айналым процестерін реттейтін Қазақстан Республикасының ұлттық және мемлекетаралық стандарттарыныңғылыми-техникалық деңгейінежан-жақты талдау ұсынылған. Терминологиялық дәлдік және пайдаланылатын ұғымдардың заңдарды, заңға тәуелді актілерді және техникалық регламенттерді қоса алғанда, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкестігі мәселелеріне ерекше назар аударылды. Нормативтік-құқықтық құжаттарға сілтемелердің дұрыстығына, олардың өзектілігі мен құқықтық негізділігіне егжей-тегжейлі тексеру жүргізілді. Сондай-ақ ұлттық және мемлекетаралық стандарттардың халықаралық және өңірлік нормалармен үйлесу дәрежесі зерттелді.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу материалдары ретінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы ұлттық стандарттары, мемлекетаралық стандарттар (ГОСТ), органикалық өндіріс саласындағы халықаралық және өңірлік нормативтік құжаттар пайдаланылды. Талдау салыстырмалы-құқықтық және құрылымдық-мазмұндық тәсілдер негізінде жүргізілді. Нормативтік-құқықтық талдау, терминологияны сараптамалық бағалау, логикалық-семантикалық салыстыру және халықаралық стандарттау және сертификаттау жүйелерінің талаптарына сәйкестігін талдау әдістері қолданылды.

Нәтижелер. Жүргізілген талдау нәтижесінде терминологиялық және мазмұндық сәйкесіздіктер, жойылған нормативтік актілерге ескірген сілтемелер, сондай-ақ халықаралық стандарттармен сәйкес келмеу анықталды. Авторлар стандарттардың өзектілігін арттыруға, нормативтік үйлесімділікті жақсартуға және Қазақстан Республикасында органикалық сектордың тұрақты дамуын қамтамасыз етуге бағытталған өзектендіру бойынша нақты ұсынымдар ұсынды.

Қорытынды. Жүргізілген зерттеу қолданыстағы стандарттардағы бірқатар сәйкесіздіктер мен кемшіліктерді, соның ішінде ескірген тұжырымдарды, анықтамалық базадағы кемшіліктерді және халықаралық тәжірибелерден ауытқуларды анықтауга мүмкіндік берді. Бұл нормативтік құжаттаманы тұрақты даму мен халықаралық сауданың қазіргі заманғы талаптарына сәйкес келтіру мақсатында оны қайта қарастыру және өзектендіру кажеттігін көрсетеді. Ұсынылған ұсыныстар органикалық ауыл шаруашылығы саласындағы стандарттау жүйесін одан әрі жаңғыртуға және нарықтың ішкі және сыртқы қатысуышыларының сенімін арттыруға негіз бола алады.

Кілт сөздер: органикалық өнімдер; өндіріс; айналым; стандарттар; нормативтік құжаттар; заңнама.

Kіріспе

Соңғы үш онжылдықта АҚШ, Канада және Еуропа мемлекеттері сияқты елдерде әзірленген нормативтік-құқықтық база органикалық өнімдердің заманауи әлемдік нарығын қалыптастыруға ықпал етті. 2024 жылдың аяғындағы мәліметтерге сәйкес, органикалық әдіспен өндөлгөн жер көлемі 99,5 млн га жетті, бұл әлемдегі жалпы ауылшаруашылық алқаптарының шамамен 2,15% құрайды. Жаһандық органикалық азық-түлік нарығы шамамен 210 млрд еуроға бағаланды, ең ірі нарықтар АҚШ (100,5 млрд еуро), Германия (15,9 млрд еуро) және Қытай (12,3 млрд еуро). 2024 жылғы жағдай бойынша органикалық өндіріспен айналысатын 188 елдің едәуір бөлігі осы салада өз заңдары мен стандарттарына ие. Бұл деректер органикалық ауыл шаруашылығының жаһандық деңгейде үздіксіз осуі мен маңыздылығын және осы секторды қолдау үшін нормативтік құқықтық актілерді одан әрі дамыту және үйлестіру қажеттілігін көрсетеді [1-4].

Органикалық тاماқ өнімдері техникалық реттеудің күрделі объектісі болып табылады. Ол бір жағынан дайын тاماқ өнімдеріне және оны өндіру процестеріне қойылатын талаптарды, екінші жағынан органикалық ауыл шаруашылығы принциптерін біріктіреді. Органикалық өнім және оны өндіру ерекшеліктері бөлігінде Қазақстан нормативтік құжаттарды қалыптастырудың бастапқы кезеңінде тұр, ал АҚШ пен ЕО (бұдан әрі - Еуропалық одақ) елдері бұл мәселелермен 20 жылдан астам айналысып келеді [5]. Алайда, органикалық ауыл шаруашылығын дамыту және тиісті өнім өндіру Қазақстанда жақсы перспективаларға ие. Органикалық өндірістің өсу қарқыны жоғары елдердің тәжірибелі органикалық азық-түлік секторын табысты қалыптастырудың негізгі сәттері құқықтық базаны қалыптастыру және мемлекеттік реттеу мен бақылауды дамыту болып табылатынын көрсетті. 2024 жылы қабылданған заңға сәйкес органикалық өнім - бұл ауыл шаруашылығы өнімі, жабайы өсімдіктерден алынатын өнім, ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің тұқымдары, ашытқылар мен саңырауқұлақтар, оларды қайта өндеу өнімдері, онын ішінде Қазақстан Республикасының «Органикалық өнім өндірісі және айналымы туралы» 2024 жылғы 10 маусымдағы № 89-VIII ҚРЗ заңының талаптарына сәйкес келетін тاماқ өнімдері [6]. Заң табиғи ресурстарды сақтау мен ұтымды пайдалануға, дұрыс тاماқтануды қолдауға және органикалық өнімдер нарығын дамытуға бағытталған органикалық өнімдерді өндіру мен айналымның құқықтық, экономикалық, әлеуметтік және ұйымдастырушылық принциптерін белгілейді.

Органикалық ауыл шаруашылығы - бұл топырактың жағдайын сақтауға, экологиялық процестерді, тірі организмдердің әртүрлілігін және қоректік заттардың табиғи айналымын сақтауға бағытталған, агрехимикаттарды пайдалануды болдырмайтын өндіріс жүйесі.. Қазақстан Республикасында мұндай өнімнің органикалық өндірісі мен айналымы саласындағы қызмет заңдармен, заңға тәуелді актілермен, сондай-ақ ұлттық және халықаралық стандарттарды қоса алғанда, нормативтік-құқықтық құжаттар кешенімен реттеледі. Кеден одағының техникалық регламенттері мен IFOAM, Codex Alimentarius және ISO [7-8] стандарттары сияқты халықаралық құжаттардың да маңызы зор.

Органикалық өндіріс саласындағы нормативтік-құқықтық базаны және стандарттауды жетілдіру Қазақстанда осы саланы дамытуда маңызды рөл атқарады. «Органикалық өнім өндірісі және айналымы туралы» Қазақстан Республикасының жаңа заңының қабылдануына байланысты қолданыстағы стандарттарды олардың заңнамага, халықаралық талаптар мен практикаларға сәйкестігіне талдау қажеттілігі өзекті болып отыр. Мониторинг шенберінде стандарттардың ғылыми-техникалық деңгейіне олардың терминологиялық дәлдігін, құқықтық сәйкестігін және халықаралық нормалармен үйлесу дәрежесін ескере отырып талдау жүргізілді.

Материалдар мен әдістер

Органикалық өнім саласындағы стандарттау жөніндегі құжаттардың мониторингі Қазақстан Республикасының стандарттау саласындағы қолданыстағы заңнамасына, оның ішінде Қазақстан Республикасының «Стандарттау туралы» 2018 жылғы 5 қазандығы №183-VI ҚРЗ Заңына және ҚР СТ 1.62-2019 «Стандарттау саласындағы мониторинг жүргізу тәртібі» сәйкес жүргізіледі [9-10]. Бұл процесс органикалық өнімнің өндірісі мен айналымын реттейтін стандарттарды кешенді бағалауға, сондай-ақ нормативтік базаны түзетуді және жетілдіруді талап ететін мәселелік аспектілерді анықтауға бағытталған. Мониторингтің негізгі міндеттері:

- стандарттардың қолданылуын анықтау, бұл олардың іс жүзінде қаншалықты көң қолданылатындығын және оларды жүзеге асыруда қандай кедергілер бар екенін анықтауга мүмкіндік береді.

- заңнамадағы өзгерістерді, халықаралық талаптарды және органикалық өндірістегі заманауи үрдістерді ескере отырып, стандарттардың өзектілігін тексеру.

Мониторинг келесі аспектілерді қамтиды:

1) органикалық өндіріс саласындағы заманауи ғылыми жетістіктер мен озық технологияларға сәйкестікті қоса алғанда, стандарттардың ғылыми-техникалық деңгейін талдау.

2) стандарттар талаптарының Қазақстан Республикасы мен Еуразиялық Экономикалық Одақ (КО/ЕАЭО) елдерінің аумағында өнім өндірісі мен айналымын реттейтін қолданыстағы техникалық регламенттерге сәйкестігін бағалау.

3) экономиканың түрлі салаларының стандарттармен қамтамасыз етілуін зерделеу, соның ішінде:

- нормативтік құқықтық актілерде және өзге де реттеуші құжаттарда стандарттарға сілтемелерді пайдалану;

- ұлттық стандарттау жүйесі (FCЖ) субъектілері арасында стандарттарға сұраныс;

- стандарттарды нормативтік техникалық құжаттардың бірыңғай мемлекеттік қоры (НТҚБМК) арқылы тарату;

- органикалық өнім өндірісін сертификаттау процесінде стандарттарды қолдану;

- ұлттық стандарттар әзірленген халықаралық, өнірлік және шетелдік стандарттардың мәртебесін айқындау, олардың негізінде ұлттық стандарттар әзірленеді.

Нәтижелер және талқылау

Органикалық өнімнің өндірісі мен айналымы саласындағы стандарттау жөніндегі құжаттарға жүргізілген талдау, қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының Ұлттық стандарттау жүйесінде әртүрлі деңгейдегі бес стандарт қолданылатынын көрсетті, олар:

- КР СТ 3455-2023 «Органикалық өнім өндірісі. Терминдер мен анықтамалар» [11];

- КР СТ 3110-2023 «Сәйкестікті бағалау. Сәйкестікті растау жөніндегі органдарға қойылатын талаптар. Органикалық өнім өндірісі» [12];

- КР СТ 3111-2023 «Органикалық өнім. Өндіру, қайта өндеу, таңбалau және өткізу процесіне қойылатын талаптар»[13];

- КР СТ 3942-2023 «Органикалық өнім. Органикалық өнім өндірісі және айналымы» [14];

- ГОСТ 33980-2016 «Органикалық өндіріс өнімдері. Өндіру, қайта өндеу, таңбалau және өткізу ережелері» [15].

Мониторинг барысында органикалық өнімнің өндірісі мен айналымы саласындағы стандарттарды қолдану туралы деректер жиналды және талданды (1-кесте), сондай-ақ олардың ғылыми-техникалық деңгейіне талдау жүргізілді (2-кесте).

1-кесте – Органикалық өнімнің өндірісі мен айналымы саласындағы стандарттарды таптау

№	Стандарт	Белгіленген талаптардың өзектелігі	Сертификаттагай	Нормативкүккүстүк актіде атап етілгі	Сұраныс	Колжетмілік	Стандартты колданатын үйімдар	Халықаралық аналогтар
1	2	3	4	5	6	7	8	9
1	КР СТ 3455-2023 «Органикалық өнім өндірісі. Терминология мен анықтамалар»	Терминология КР заңнамасына сәйкес келмейді	-	НКА айтылмаған	Сұраныс жок	Актылы (НТҚБМК)	-	Алиментариус кодексі (GL 32-1999), IFOAM, ЕС Регламенті 2018/848
2	КР СТ 3110-2023 «Сәйкестікті бағау. Сәйкестікті растау жөніндегі органдарға койыпталин талаптар. Органикалық өнім өндірісі»	Стандарт эзірленген нормативтік актілер өзектелігін жоғалтты	Еркіті сертификаттау	КР Экологиялық кодексінде, «Органикалық өнім өндірісі және айналымы туралы» КР3, КР АШМ №230 бүйрекін да жазылған	Сұраныс бар	Актылы (НТҚБМК)	«QAZAQ BIO CONTROL» ЖПСС	IFOAM (2014), ЕС Регламенті 2018/848
3	КР СТ 3111-2023 «Органикалық өнім. Өндірушілердің мүдде берін ескермейді, халықаралық стандарттарға сәйкес келмейді тағар айналып талаптар»	Отандық өндірушілердің мүдде берін ескермейді, халықаралық стандарттарға сәйкес келмейді тағар айналып талаптар	Еркіті сертификаттау	КР Экологиялық кодексінде, «Органикалық өнім өндірісі және айналымы туралы» КР3, КР АШМ №230 бүйрекін да жазылған	Сұраныс бар	Актылы (НТҚБМК)	«QAZAQ BIO CONTROL» ЖПСС	IFOAM, Алиментариус кодексі (GL 32-1999, rev. 2013)
4	КР СТ 3942-2023 «Органикалық өнім. Органикалық өнім өндірісі және айналымы»	Терминология КР заңнамасына сәйкес келмейді, іске асыру төткөтері жок	Еркіті сертификаттау	КР Экологиялық кодексінде, «Органикалық өнім өндірісі және айналымы туралы» КР3, КР АШМ №230 бүйрекін да жазылған	Сұраныс бар	Актылы (НТҚБМК)	«QAZAQ BIO CONTROL» ЖПСС	Регламент ЕС 2018/848
5	ГОСТ 33980-2016 «Органикалық өнім. Органикалық өнім өндірісі. Өндірүү, танбалу және өткізу ережелер»	IIFOAM кезінде COROS ескертулерін ескерді, өзекті	Еркіті сертификаттау	«Органикалық өнім туралы» РФ ФЗ №280-ФЗ жазылған	КР-да сұрағыныска ие емес	Интернетте ашық кол жетімділік	Ресейде 8 ОӨК	CAC/GL 32-1999 (Алиментариус кодексі)

1-кестеде келтірілген деректерді талдау зерттелген стандарттардың талаптары қазіргі уақытта саланың өзекті қажеттіліктеріне сәйкес келмейтінін көрсетеді. Атап айтқанда, ҚР СТ 3111 отандық органикалық өнім өндірушілердің заңды мұдделерін ескермейді, сондай-ақ органикалық өндірісті жүргізуінде халықаралық және өңірлік тәжірибелеріне жауап бермейді. Бұдан басқа, осы стандарт әзірленген нормативтік-құқықтық актілердің (НҚА) нормалары қазіргі уақытта қайта қаралуда, бұл тиісті өзгерістер енгізуі және олардың мазмұнын өзектендіру үшін стандарттардың жаңа редакцияларын әзірлеуді талап етеді. Сондай-ақ, талдау нәтижелері стандарттар нормативтік техникалық құжаттардың бірынғай мемлекеттік қоры (EGFNTD) арқылы ақылы негізінде таратылатындығын көрсетеді, бұл оларды кеңінен қолдануға қосымша кедергілер тудыруы мүмкін. Стандарттарға қол жеткізу оларды жүзеге асыруда маңызды рөл атқарады және ақылы тарату бұл құжаттарды, әсіресе органикалық өндіріске қызығушылық танытатын шағын және орта бизнес арасында пайдалануды шектеуі мүмкін.

Мониторинг барысында Қазақстан Республикасында қазіргі уақытта органикалық өнім өндірісінің сәйкестігін растау жөніндегі бір ғана аккредиттеген орган – «QAZAQ BIO CONTROL» ЖШС жұмыс істейтіні анықталды. Бұл осы саладағы сәйкестікті растау жүйесінің институционалдық дамуының төмен деңгейін көрсетеді, бұл ұлттық деңгейде органикалық стандарттарды енгізуі жаңа өндірушілердің қажетті сертификаттауды алу мүмкіндігін шектеуі мүмкін.

Бұдан басқа, стандарттарды қолдану көрсеткішін көрсететін кесте бағанында осы саладағы сәйкестікті растау процесі органикалық өнімнің өндірісі мен айналымын реттейтін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес ерікті сертификаттау нысанында ғана жүзеге асырылады. Бұл қолданыстағы техникалық регламенттерде (TP) органикалық өнімнің өндірісі мен айналымына қатысты мәселелер реттелмегенін көрсетеді.

Осылайша, жүргізілген мониторинг Қазақстандағы органикалық өнімді стандарттау жүйесіндегі бірқатар мәселелік аспектілерді анықтады. Олардың негізгілері: бірқатар стандарттардың өзектілігі, олардың шектеулі колжетімділігі, сәйкестікті растау жүйесін институционалдық қамтамасыз етудің жеткіліксіздігі, сондай-ақ техникалық регламенттер шенберінде заңнамалық реттеудің болмауы болып табылады. Бұл факторлар нормативтік базаны жетілдіру, қолданыстағы стандарттарды қайта қарау және елдегі органикалық өндірісті тиімді дамыту үшін институционалдық инфрақұрылымды көңейту бойынша одан әрі жұмысты талап етеді.

Қазақстан Республикасының органикалық өнімдерін өндіру және айналымы саласындағы стандарттардың ғылыми-техникалық деңгейін талдау олардың терминологиясына, сілтемелердің өзектілігіне және халықаралық және өңірлік нормативтік құжаттармен үйлестіру дәрежесіне байланысты бірқатар сәйкесіздіктер мен мәселелерді анықтады. Негізгі мәселелердің бірі стандарттар терминологиясының зерттелетін стандарттардың көпшілігі бесілгененнен кейін 2024 жылғы 10 маусымда қабылданған «Органикалық өнім өндірісі және айналымы туралы» ҚР Заңының ережелеріне сәйкес келмеуі болып табылады. Бұл қолданылған ұғымдарда айтарлықтай сәйкесіздіктерге әкелді, бұл құқықтық белгісіздік тудырады және оларды іс жүзінде қолдануды кыннатады. Талдаудың тағы бір маңызды аспекті – ұлттық стандарттардың халықаралық және аймақтық стандарттармен үйлесімділігі. Кейбір стандарттар Еуропадағы органикалық өндірістің негізгі нормативтік актісі болып табылатын ЕО 2018/848 Ережесіне сәйкес келсе де, тұластай алғанда үйлестіру деңгейі орташа немесе төмен болып қала береді. Бұл сертификаттауды өзара тану және Қазақстаннан органикалық өнімдерді экспорттау мәселелеріне әкелуі мүмкін. Сонымен қатар, нормативтік құқықтық актілер мен стандарттарға сілтемелердің өзектілігі туралы мәселе пайдаланылған сілтемелердің ағымдағы ұлттық заңнамаға сәйкестігіне қарамастан, бірқатар стандарттар қабылданғаннан кейін орын алған құқықтық базадағы өзгерістер оларды жаңартуды талап етуі мүмкін екенін көрсетті.

2-кесте – Органикалық өнімнің өндірісі мен айналымы саласындағы стандарттардың ғылыми-техникалық деңгейін талдау

Стандарттың белгіленуі және атавы	Терминологияның Қазақстан Республикасының қолданыстағы салалық заңнамасына сәйкестігі	НҚА, техникалық регламенттер мен стандарттарға қолданыла-тын сілтемелердің өзектілігі	Халықаралық, өңірлік және мемлекетаралық стандарттармен, сондай-ақ шет мемлекеттердің стандарттарымен үйлесіту дәрежесі	Корытындылар мен ұсыныстар
1	2	3	4	5
КР СТ 3455-2023 «Органикалық өнім өндірісі. Терминдер мен анықтамалар»	Тұжырымдамалық аппарат қолданыстағы заңнамаға сәйкес келмейді	ұлттық стандарттарға сілтемелер өзекті	ГОСТ Р 56104-2014 стандарттымен үйлесімділік-тәмен, халықаралық стандарттармен және ЕО 2018/848 Регламентімен үйлесімділік-жоғары	01.07.2024 жылы қолданыска енгізілді. 2025 жылға арналған ұлттық стандарттау бағдарламасы (ҰСБ) аясында жаңа нұсқаны әзірлеу жоспарланбаған, бірақ болашақта түзету қажет. Құқықтық белгісіздікті жою үшін стандарттың терминологиясын қайта қарап, оны заңнамаға сәйкес келтіру қажет.
КР СТ 3110-2023 «Сәйкестікті бағалау. Сәйкестікті растау жөніндегі органдарға койылатын талаптар. Органикалық өнім өндірісі»	тұжырымдамалық аппарат қолданыстағы заңнамаға сәйкес келмейді	НҚА мен ұлттық стандарттарға сілтемелер өзекті	халықаралық, өңірлік стандарттармен, ЕО 2018/848 регламентімен және шет мемлекеттердің стандарттарымен үйлесімділік-тәмен	01.07.2024 жылы қолданыска енгізілді. 2025 жылға арналған ҰСБ шенберінде қайта қаруа көзделмеген, бірақ болашақта халықаралық нормаларды ескере отырып, стандарт талаптарын өзектендіру қажет.
КР СТ 3111-2023 «Органикалық өнім. Өндіру, қайта өндіреу, таңбалau және өткізу процесіне қойылатын талаптар»	тұжырымдамалық аппарат қолданыстағы заңнамаға сәйкес келмейді	НҚА мен ұлттық стандарттарға сілтемелер өзекті	халықаралық, өңірлік стандарттармен, ЕО 2018/848 регламентімен және шет мемлекеттердің стандарттарымен үйлесімділік – орташа	01.07.2024 жылы қолданыска енгізілді. Өзгерген заңнамаға сәйкес талаптарды өзектендіру талап етіледі.
КР СТ 3942-2023 «Органикалық өнім. Органикалық өнім өндірісі және айналымы»	тұжырымдамалық аппарат қолданыстағы заңнамаға сәйкес келмейді	НҚА мен ұлттық стандарттарға сілтемелер өзекті	халықаралық, өңірлік стандарттармен, ЕО 2018/848 регламентімен және шет мемлекеттердің стандарттарымен үйлесімділік-жоғары	01.07.2024 жылдан бастап қолданыска енгізілді, бірақ 2025 жылы қайта қаруа жоспарланбаған. Тұжырымдамалық аппарат пен талаптар 2024 жылы қабылданған Занды ескере отырып, өзектендіруді талап етеді.
ГОСТ 33980-2016 «Органикалық өндіріс өнімдері. Өндіру, қайта өндіреу, таңбалau және өткізу ережелері»	тұжырымдамалық аппарат қолданыстағы заңнамаға сәйкес келмейді	ТР сілтемелер өзекті	халықаралық, өңірлік стандарттармен, шет мемлекеттердің стандарттарымен үйлесімділік – орташа, ЕО 2018/848 Регламентімен-тәмен	стандарт IFOAM жаңындағы COROS комиссиясымен келісілді, бұл оның халықаралық танылуын растиады. Экспорттық шектеулерді болдырмау үшін күкірт диоксиді нормаларын қайта қаруа қажет.

Органикалық өнімнің өндірісі мен айналымы саласындағы стандарттардың ғылыми-техникалық деңгейін талдау нәтижелері органикалық өнімнің өндірісі мен айналымы саласындағы қолданыстағы стандарттардағы бірнеше сәйкесіздіктер мен әлсіз жақтарды көрсетті. Мысалы, ҚР СТ 3455-2023 «Органикалық өнім өндірісі. Терминдер мен анықтамалар» Қазақстан Республикасының осы саладағы қолданыстағы заңнамасына сәйкес келмейді. Бұл стандарт 2023 жылдың қарашасында бекітілгенімен түсіндірледі, ал «Органикалық өнім өндірісі және айналымы туралы» ҚР Заңы 2024 жылдың 10 маусымындаған қабылданды. Нәтижесінде 36 анықтамадан тұратын терминология заңнаманың жаңа талаптарына толық сәйкес келмейді. Атап айтқанда, 9 термин жаңа заңға сәйкес келу үшін қайта қарауды және бейімделуді талап етеді. Кейбір терминдер оның органикалық өндірісті сертификаттау үшін қолданылуындағы олқылықтарды көрсетеді, мысалы «транзакция сертификаты» стандартта жоқ, бірақ ол жеткізілім тізбегінің барлық кезеңдерінде өнімнің заңдылығы мен шығу тегін растайтын органикалық өнімді сертификаттау үшін қажет. Бұл термин жаңа сертификаттау талаптарына сәйкес қосылуы немесе бейімделуі керек, ал «органикалық өнім» термині химиялық тыңайтқыштар мен пестицидтерді қолданбай экологиялық және аграрлық стандарттарға сәйкес келетін өнімдерді дәл көрсету үшін жаңа заңның заңнамалық талаптарына сәйкес келуі керек. Талдау барысында ҚР СТ 3455-2023 халықаралық стандарттармен, оның ішінде ЕО 2018/848 Регламентімен жеткіліксіз үйлестірілгені анықталды. Ресейлік ГОСТ Р 56104-2014 үйлесімділігі де төмен деп бағаланады. Бұл халықаралық тәжірибеге сәйкестікті арттыру үшін тұжырымдамалық аппаратты қайта қарау және нақтылау қажеттілігін растайды.

Сондай-ақ, ҚР СТ 3110-2023 «Сәйкестікті бағалау. Сәйкестікті растау жөніндегі органдарға қойылатын талаптар. Органикалық өнім өндірісі» оның өнірлік және халықаралық стандарттармен жеткіліксіз үйлесімділігін анықтады. Атап айтқанда, ЕО 2018/848 регламентімен және басқа елдердің стандарттарымен үйлесімділік деңгейі төмен деп бағаланады. Бұл стандарттың маңызды кемшиліктерінің бірі – органикалық өнім өндірісін топтық сертификаттау шенберінде ішкі бақылау жүйесіне қойылатын талаптардың болмауы. Бұл оны топтық сертификаттау шенберінде жұмыс істейтін және ішкі бақылау үшін нақты ережелерді қажет ететін ұйымдар үшін қолдануды шектейді.

ҚР СТ 3111-2023 «Органикалық өнім. Өндіру, қайта өндеу, таңбалau және өткізу процесіне қойылатын талаптар», сондай-ақ, Қазақстан Республикасының органикалық өндіріс саласындағы заңнамасына белгілі бір сәйкесіздіктерді көрсетті. Атап айтқанда, стандарттың атавы қолданыстағы нормативтерге толық сәйкес келмейді, өйткені ҚР заңнамасы шенберінде органикалық өнім өндіру процесі қайта өндеу мәселелерін, сондай-ақ «іске асыру» терминін атап өтуді қамтуы тиіс, бұл өз кезегінде стандарттағы осы мәселелердің нақты реттелуіне сәйкес келмейді. Бұдан басқа, стандарт ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 3-3/332 бұйрығы сияқты ескірген нормативтік актілерге сілтеме жасайды, бұл мал басы мен жайылымның тығыздығын түсіндіруде шатасуға әкеледі. Жайылымдарға жүктеме нормаларын реттеудегі бұл олқылық органикалық өнім өндірушілер мен сертификаттаумен айналысатын органдар үшін заңды түсініксіздікті тудырады. Бұдан басқа, ҚР СТ 3111-2023 стандарты топтық сертификаттау кезінде ішкі бақылау жүйесі шенберінде қарапайым серіктестіктің қызметін үйлестіру үшін нақты ережелерді қамтыймайды. Сондай-ақ, органикалық деп жіктеуге болатын өнімдердің толық тізімінің болмауы байқалады, бұл өнімді сертификаттауды және оны өндіруге және сатуға байланысты процестерге айқындық енгізуі қыннатады. «Органикалық өнім өндірісі және айналымы туралы» ҚР жаңа Заңы да органикалық өндіріс үшін рұқсат етілген құралдар тізбесіне өзгерістер енгізді, бұл сертификаттау процесін қыннатады және ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің нормативтік актілерін үнемі жаңартып отыруды талап етеді.

ҚР СТ 3942-2023 «Органикалық өнім. Органикалық өнімнің өндірісі мен айналымы» бұл стандарт негізінен ЕО 2018/848 регламенті негізінде әзірленгенін көрсетті. Алайда, Еуропалық Комиссияның ЕО-да атқаратын функциялары жоқ, өйткені Қазақстанда бұл функциялар уәкілетті органдарға жүктелген. Осылан қарамастан, ҚР СТ 3942 органикалық өндірісті реттеудегі маңызды қадам болып табылады және болашақта негізгі құжат бола алады. Алайда, басқа стандарттар сияқты, бұл құжаттың тұжырымдамалық аппараты ҚР заңнамасына толық сәйкес келмейді.

ГОСТ 33980-2016 «Органикалық өндіріс өнімдері. Өндіру, қайта өндеу, таңбалау және өткізу ережелері» IFOAM жаңындағы COROS халықаралық ұйымымен келісуден өтті және КО/ЕАЭО шеңберінде органикалық өндіріс үшін негізгі нормативтік актіге айналуға әлеуеті бар. Алайда, бұл стандарт өте қолайлы емес, өйткені оның кейбір маңызды кемшіліктері бар, мысалы, шараптағы құқырт диоксидінің жоғары рұқсат етілген мөлшері, бұл басқа халықаралық және Еуропалық құжаттарға қарағанда 2 есе жоғары. Сонымен қатар, ГОСТ 33980 тұқым тізілімін жүргізу, өнімді есепке алу және қадагалау сияқты органикалық өндірістің тиімді жұмыс істеуі үшін маңызды инфрақұрылымдық элементтерді қамтымайды. Бұл оны Қазақстанда және ЕАЭО-ның басқа елдерінде пайдалануды шектейді. ГОСТ 33980 ҚР Ұлттық стандарты ретінде енгізу қолданыстағы стандарттардың қайталануына әкелмеуі мүмкін, өйткені бұл стандарт Алиментариус кодексі комиссиясының басшылық ережелері сияқты халықаралық нормативтік құжаттардың қағидаттарына негізделген, ол ҚР СТ 3111-2023 стандартында да көрсетілген. Қазақстан деңгейінде ГОСТ 33980 енгізу стандарттарды үйлестіруге және органикалық өндірісті дамыту үшін нормативтік базаны жақсартуға ықпал етуі мүмкін.

1 және 2-кестелерде келтірілген талдау қолданыстағы 4 ұлттық стандарттың барлығы өзектендіруді қажет ететіндігін көрсетеді. Бұл факт органикалық өнім өндірісі мен айналымы саласындағы ағымдағы нормалар мен талаптарды қайта қарау және пысықтау қажеттілігін көрсетеді. Стандарттар мониторингі сонымен қатар саланы қажетті нормативтік актілермен қамтамасыз етуде елеулі мәселелерді анықтады, бұл ұлттық стандарттарда органикалық өнім өндірісі мен айналымын ұйымдастыруға және реттеуге қатысты негізгі аспектілердің болмауына байланысты. Атап айтқанда, стандарттар бірнеше маңызды элементтерді қамтымайды, соның ішінде:

- жануарларды ұстауға арналған алаң - қолданыстағы стандарттарда органикалық мал шаруашылығында жануарларды ұстауға арналған ең төменгі алаңдарды реттейтін нақты нормалар мен талаптар жоқ. Бұл маңызды аспект, өйткені органикалық өндіріс адамгершілік пен экологиялық тұрақтылық принциптерін сактау үшін жануарларды ұстай жағдайларына қатаң талаптарды білдіреді;

- жануарларға арналған ғимараттар мен аландарға қойылатын техникалық талаптар – жануарларды ұстауға арналған ғимараттар мен ашық аландар үшін нақты техникалық сипаттамалар белгіленбейген. Бұған желдету, жарықтандыру, таза суға қол жеткізу және жануарлардың әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін қажет басқа жағдайлар сияқты опциялар кіреді;

- жабайы шикізатты дайындау және айналымы – стандарттарда жабайы шикізаттан органикалық өнімді жинау, дайындау және одан әрі айналымын реттейтін талаптар жоқ. Бұл органикалық өндірістің маңызды бөлігі, өйткені жабайы шикізат органикалық өндірісте жиі қолданылады, бірақ оны өндеу және сату қатаң бақылауды қажет етеді;

- органикалық өндіріс операторлары үшін есеп жүргізу - нормативтік актілерде органикалық өндіріспен айналысатын операторлар үшін есеп пен есептілікті жүргізуге нақты талаптар жоқ. Бұл өндірістің барлық кезеңдерінде стандарттардың сақталуын бақылауды және қадағалауды қыннатады;

- қазақстандық органикалық өнімін өндіруге және оның айналымына қойылатын ерекше талаптар - стандарттарда Ұлттық органикалық өндіріс үшін нақты талаптар көзделмеген, бұл Қазақстанда осы секторды қолдау мен дамытуды қыннатады. Мұндай талаптарды қосу жергілікті өндірушілердің осуіне және нығаюына ықпал етуі мүмкін;

- органикалық өндіріске көшу кезіндегі өтпелі талаптар – органикалық өндіріске ауысқысы келетін өндірушілер үшін өтпелі кезеңге қатысты нақты ережелер мен ұсыныстар жоқ. Бұл көптеген өндірушілердің ауысу және сертификаттау туралы нақты нұсқауларсыз қалдырады;

- рұқсат етілген құралдар тізімін пайдалануға рұқсат алу – стандарттарда органикалық өндірісте белгілі бір құралдарды, оның ішінде Еуропалық Комиссия бекіткен қаражатты қолдануға рұқсат алу процесі бойынша нұсқаулар жоқ. Бұл процесс органикалық өндіріс саласындағы халықаралық стандарттардың сақталуын қамтамасыз ету үшін өте маңызды.

Бұдан басқа, органикалық өндіріс саласындағы барлық төрт ұлттық стандарт 2023 жылғы желтоқсанда бекітілгенін, ал «Органикалық өнім өндірісі және айналымы туралы» ҚР Заны 2024 жылғы 10 маусымдаған атап өткен жөн. Бұл факт стандарттардың ережелері

мен нормалары мен жаңа заң талаптары арасындағы айтарлықтай сәйкесіздіктерге әкеледі, бұл органикалық өндірісті реттеудің кейбір салаларында құқықтық белгісіздік тудырады.

